Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

АҚ "Каражанбасмунай", бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ _____ бұдан әрі «Мердігер» деп аталатын, _____, негізінде әрекет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жекелей жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатындар, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екенін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалайтынын және сәйкестендіретінін; • Тәртіппен танысқанын және осы Шартты орындауға әсер ететін Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Тапсырыс беруші өнім берушінің/қосалқы мердігердің Тәртіптің 61-бабы 10-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына, оның ішінде осы Тәртіптің 61-бабы 10-тармағы шеңберінде сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған коммерциялық ұсыныстарды қарау қорытындыларын талдау арқылы тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Анықтамалар

1.1. Осы Келісім-шартта төмендегі анықтамалар қолданылады: «Апат» – Мердігердің/қосалқы мердігердің персоналының әрекеттері және/немесе әрекетсіздігі нәтижесінде туындаған, жұмыстарды қалыпты және қауіпсіз технологиялық режимде жалғастырудың мүмкін еместігіне әкеп соғатын оқиға. «Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі» – Тараптар қол қоятын және Мердігердің барлық және/немесе жұмыстардың бір бөлігін орындағанын және Тапсырыс берушінің аталған жұмыстардың нәтижелерін тиісті түрде қабылдағанын растайтын құжат. «Авторлық қадағалау» – автордың төмендегілерге бақылау жүргізу жөніндегі өкілеттіктері: а) сәулет және қала құрылысы туындысының авторы (авторлары) жүзеге асыратын құрылыс жобасын (құрылыс құжаттамасын) әзірлеуге; б) құрылыс жобасын іске асыруға, оның ішінде сәулет немесе қала құрылысы туындысының авторын (авторларын) қоса алғанда, жобаны әзірлеушілер жүзеге асыратын іске асыруға. «Уақытша ғимараттар мен құрылыстар» – жұмыстарды орындауды қамтамасыз ету үшін қажетті, жұмыстарды орындау барысында салынатын және орнатылатын, ал жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігер тарапынан бұзылып алынатын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстар. «Кепілдік мерзімі» – осы Келісім-шарт бойынша орындалған жұмыстарда Тапсырыс беруші пайдалануы барысында анықтаған ақауларды немесе кемшіліктерді Мердігер өз қаражаты және өз күшімен жоюға міндеттенетін мерзім. «Күнтізбелік кесте» – Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша, онда осы Келісім-шарт бойынша жұмыстардың басталу күні, жұмыстарды орындау кезеңдерге бөлінуі, жекелеген жұмыстарды орындау кезектілігі, жекелеген жұмыс түрлерін орындау мерзімдері, жалпы жұмыстарды орындау мерзімдері, сондай-ақ жұмыстардың жекелеген кезеңдерінің және жалпы жұмыстардың құны айқындалады. «Жұмыстардың басталу күні» – Күнтізбелік кестеде көрсетілген күн, осы күн басталған кезде Мердігер Келісім-шартқа сәйкес жұмыстарды орындау үшін Жұмыс алаңында персоналды, жабдықты, материалдарды және уақытша ғимараттар мен құрылыстарды дайын күйде қамтамасыз етуге міндетті. «Жұмыстардың аяқталу күні» – Мердігердің жұмыстардың нәтижелері туралы есепті ұсынуы және Тараптардың осы Келісім-шарт бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне қол қою күні. «Демобилизация» – персоналды толық әкету, уақытша ғимараттар мен құрылыстарды, Мердігердің, қосалқы мердігерлердің және Тапсырыс берушінің жабдықтарын Жұмыс алаңынан бұзу және әкету. «Келісім-шарт» – осы шарттар, сондай-ақ Тараптардың өзара келісімі бойынша Келісім-шарттың ажырамас бөлігі ретінде ресімделетін барлық қосымшалар, келісімдер, кепілдіктер мен міндеттемелер. «Ішкі ұлттық құндылық» – Мердігердің осы Келісім-шарт бойынша жұмыстарындағы ішкі ұлттық құндылықтың үлесі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мердігер тарапынан есептеледі. «Объектіні консервациялау» – құрылысы уақытша тоқтатылған аяқталмаған объектінің конструкцияларының, материалдарының және жабдықтарының сақталуын және сапалық сипаттамаларын қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені. «Құпия ақпарат» – осы Келісім-шарттың шарттары, сондай-ақ бір Тараптың екінші Тарапқа немесе оның атынан кез келген уақытта жазбаша түрде, сызбалар, карталар, компьютерлік бағдарламалар түрінде немесе кез келген өзге нысанда ұсынылған, не жұмыстарды орындау барысында Мердігер жасаған немесе алған барлық білімдер, деректер мен ақпарат, сондай-ақ осындай көздерден алынған барлық білімдер, деректер мен ақпарат, егер олар ұсынылған, жасалған немесе алынған кезде: а) Тараптың заңды және шектеусіз иелігінде болмаған; б) жалпыға қолжетімді білімдерге немесе әдебиеттерге жатпаған жағдайда. «Құпия құжаттар» – құпия ақпаратты қамтитын кез келген нұсқаулық, спецификация, сызба, хат, электрондық және/немесе факсимильдік хабарлама, компьютерлік карта немесе өзге материал. Осы Келісім-шарттың 16-бабының мақсаттары үшін «Құпия ақпарат» ұғымы «Құпия құжаттар» ұғымын қамтиды. Бұл ретте «Құпия ақпарат» және «Құпия құжаттар» ұғымдары Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау нәтижесі ретінде Тапсырыс беруші алған ақпарат пен құжаттарды қамтымайды. «Тұлға» – кез келген жеке тұлға, кез келген заңды тұлға, мемлекеттік орган немесе ведомство, сондай-ақ олардың аумақтық бөлімшелері. «Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтары» – осы Келісім-шартты тиісінше орындау мақсатында Тапсырыс беруші Мердігерге іске асыруға немесе пайдалануға беретін жабдықтар, қосалқы бөлшектер, шығын материалдары және өзге де материалдар. «Мердігердің материалдары мен жабдықтары» – Келісім-шарт талаптарына сәйкес жұмыстарды орындау үшін Мердігер және/немесе оның қосалқы мердігерлері ұсынатын немесе ұйымдастыратын жабдықтар, қосалқы бөлшектер, шығын материалдары және өзге материалдар. Осы ретте «Мердігердің құрал-сайман материалдары мен жабдықтары» – Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті, бірақ жұмыстар аяқталғаннан кейін Мердігердің, қосалқы мердігерлердің немесе жұмыстар басталғанға дейін оларға тиесілі болған өзге тұлғалардың меншігінде қалатын материалдар мен жабдықтар. «Мердігердің монтаждалатын материалдары мен жабдықтары» – жұмыстар аяқталғаннан кейін объектінің құрамдас бөлігіне айналатын және Тапсырыс берушінің меншігіне өтетін материалдар мен жабдықтар. «Мобилизация» – жұмыстарды орындау үшін қажетті Мердігердің және қосалқы мердігерлердің персоналының,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

материалдары мен жабдықтарының Жұмыс алаңына келуі, уақытша ғимараттар мен құрылыстарды монтаждау және Келісім-шарт бойынша жұмыстарды бастауға дайын күй. «Нормалар» – Қазақстан Республикасында қолданыстағы құрылыс нормалары және қағидалары (ҚНжЕ), электр қондырғыларын орнату қағидалары, техникалық пайдалану қағидалары, қауіпсіздік техникасы қағидалары және өзге де нормативтік-техникалық құжаттар. «Келісім-шарттың жалпы сомасы» – Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығындарды қамтитын жұмыстардың толық құны. «Объект» – бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес құрылыс нысаны, оның ішінде реконструкциялау, жаңғырту, іске қосу-баптау жұмыстары және объектіні пайдалануға беру актісі. «Қалдықтар» – Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау барысында пайда болған шикізаттың, материалдардың, өзге бұйымдар мен өнімдердің қалдықтары, сондай-ақ тұтынушылық қасиеттерін жоғалтқан тауарлар (өнімдер). «Тапсырыс берушінің өкілі» – мемлекеттік органды немесе ведомствоны және олардың аумақтық бөлімшелерін қоспағанда, Тапсырыс беруші жұмыстарды жүргізуге, олардың көлеміне және Келісім-шарт шарттарына қатысты өзге мәселелер бойынша өкілдік етуге уәкілеттік берген және Мердігер оған Жұмыс алаңына кез келген уақытта қол жеткізуді қамтамасыз етуге міндетті тұлға. «Мердігердің өкілі» – мемлекеттік органды немесе ведомствоны және олардың аумақтық бөлімшелерін қоспағанда, Келісім-шарттың мәніне қатысты барлық мәселелер бойынша Жұмыс алаңында Мердігердің атынан әрекет етуге толық өкілеттігі бар, Мердігер тағайындаған тұлға. «Тапсырыс берушінің техникалық қадағалау өкілі» – техникалық қадағалау функцияларын жүзеге асыру үшін Тапсырыс беруші арнайы уәкілеттік берген тұлға. «Жобалық-сметалық құжаттама» – объектінің орналасуын қала құрылысы тұрғысынан негіздейтін, сондай-ақ құрылыс жүргізу және объектіні пайдалануға тапсыру үшін қажетті көлемде экономикалық, сәулеттік, көлемдік-жоспарлық, функционалдық, технологиялық, конструктивтік, инженерлік, экологиялық және өзге де шешімдерді қамтитын графикалық, есептік және мәтіндік материалдардың жиынтығы. Жобалық-сметалық құжаттама объектіні салу үшін қажетті жұмыстардың көлемін, түрлерін, сапасын, қағидаларын және шарттарын айқындайтын Жұмыс жобасынан және объектіні салуға қажетті материалдардың, жабдықтардың, жұмыстардың және өзге позициялардың құнын есептеуді, сондай-ақ құрылыс құнын толық қамтитын Сметалық құжаттамадан тұрады. «Жұмыстар» – Келісім-шарт бойынша «дайын күйінде» орындалатын құрылыс жұмыстары, операциялар және ілеспе қызметтер. «Жұмыс алаңы» – Келісім-шарт шарттарына сәйкес Мердігер жұмыстарды орындауы тиіс рұқсат етілген аумақ шегіндегі жер учаскесі немесе учаскелер және/немесе Тапсырыс берушінің қолданыстағы өндірістік объектілері. «Жұмыстарды орындауға рұқсат» – заңнамада белгіленген тәртіппен берілетін, Жұмыс алаңында жұмыстарды бастау құқығын беретін құжат. «Рұқсат-хат» – Тапсырыс беруші белгілеген нысан бойынша ресімделетін, Мердігерге Тапсырыс берушінің өндірістік объектілеріне кіруге құқық беретін және техникалық сипаттамада (№2 қосымша) белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжат. «Жасырын жұмыстар» – қабылдау комиссиялары объектіні пайдалануға тапсыру кезінде көзбен шолып бағалай алмайтын және кейінгі жұмыстармен жабылатын жұмыстардың жекелеген түрлері (іргетастарды орнату, гидрооқшаулау, темірбетон конструкцияларындағы арматура мен кіріктірме бұйымдарды орнату және т.б.). Мұндай жұмыстар тиісті нормаларға сәйкес жабылғанға дейін тексеруге және қабылдауға ұсынылады. «Ілеспе қызметтер» – Мердігердің жұмыстарды тиісінше орындауын қамтамасыз ететін қызметтер, яғни технологиялық процестің мәнін сипаттау, өнертабыстар, жұмыс тәжірибесін беру және жұмыстарды тиісінше орындау үшін қажетті өзге де міндеттер. «Жұмыстарды орындау мерзімі» – Келісім-шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылмаған жағдайда, жұмыстардың басталу күнінен аяқталу күніне дейінгі кезең. «Қолданылу мерзімі» – Келісім-шарттың заңды күші болатын кезең. «Тарап» – Тапсырыс беруші немесе Мердігер. «Қосалқы мердігерлік» – Мердігер мен кез келген үшінші тұлға (Тапсырыс берушіні және Мердігердің қызметкерлерін қоспағанда) арасында осы Келісім-шартты орындау шеңберінде жұмыстардың бір бөлігін орындау туралы келісім немесе уағдаластық. «Қосалқы мердігер» – Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін Мердігер тартатын кез келген тұлға. «Техникалық қадағалау» – жобаны іске асырудың барлық кезеңдерінде құрылысқа бақылау жасау, оның ішінде орындалған жұмыстардың сапасын, мерзімдерін, құнын бақылау, оларды қабылдау және объектілерді белгіленген тәртіппен пайдалануға тапсыру. «Техникалық сипаттама» – Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, жұмыстарды орындаудың мазмұны мен нысанына қойылатын талаптарды, жұмыстарды орындау қағидаларын, мерзімдерін және өзге де талаптарды қамтитын қосымша. «Техникалық мамандар» – ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен орнықтылығын техникалық тексеруге құқық беретін тиісті аттестаты бар сарапшы немесе құрамында аттестатталған сарапшылары бар аккредиттелген ұйым. «Үшінші тұлға» – Тапсырыс беруші де, Мердігер де болып табылмайтын кез келген тұлға. «Сарапшы» – Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестатталған, құрылыс саласындағы белгілі бір бағыттар бойынша сараптамалық жұмыстарды жүзеге асыратын және сараптамалық ұйымдардың бірінің штатында тұрған жеке тұлға. «Жұмыстар кезеңдері» – Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындау процесіндегі аралық операциялар кешендері.

2. Шарттың мәні

2.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыстар) орындауға, ал Тапсырыс беруші Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Жұмыстарды қабылдауға және орындалған Жұмыстарға төлем жүргізуге міндеттенеді.

3. Шарт сомасы және төлем шарттары

3.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

3.1.1. Келісім-шарттың жалпы сомасына төмендегілер кіреді, бірақ олармен шектелмейді: - құрылыс-монтаждау жұмыстарының құны; - Мердігердің қызметкерлерін мобилизациялау/демобилизациялау, сондай-ақ Мердігердің жабдықтарын және уақытша ғимараттар мен құрылыстарды монтаждау/демонтаждау бойынша шығындар; - Тапсырыс берушінің объектісін қажетті жабдықтармен және материалдармен жарақтандыру, инфрақұрылым объектілерін салу; - барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды тұрғызу құны; - жабдықтарды іске қосу-баптау жұмыстары, ҚНжЕ талаптарына сәйкес орнатылған жабдықтарды сынақтан өткізу, пайдалануға рұқсат алу үшін жергілікті қадағалау органдарымен келісу; - қоршаған ортаны қорғауға байланысты шығындар, оның ішінде Жұмыс алаңын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

рекультивациялау құны, Жұмыс алаңында Мердігердің қызметі нәтижесінде пайда болған қалдықтарды әкету және кәдеге жарату және/немесе сақтау/көму шығындары; - қажетті шығын материалдарының құны; - Мердігердің және қосалқы мердігердің қызметкерлерін тамақтандыруды, тұруын ұйымдастыруға, оларды Жұмыс алаңына және одан кері тасымалдауға байланысты шығыстар, сондай-ақ қажет болған жағдайда Мердігердің қызметкерлерін Жұмыс алаңынан эвакуациялау құны; - ілеспе қызметтердің құны; - сақтандыру бойынша шығындар; - дайын объектіні пайдалануға тапсыруға байланысты шығындар; - объектіні мемлекеттік қабылдау немесе қабылдау комиссиясының, оның ішінде жұмыс комиссиясының актісі бойынша қабылдауға байланысты барлық шығындар; - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдар; - осы Келісім-шарт бойынша жұмыстарды орындауға байланысты Мердігердің өзге де шығындары.

3.1.2. Мердігер Келісім-шарттың жалпы сомасын ұлғайтуды талап етуге құқылы емес, оның ішінде Келісім-шарт жасалған кезде орындалуға тиіс жұмыстардың толық көлемін немесе оған қажетті шығыстарды алдын ала болжау мүмкін болмаған жағдайларда да. Егер Келісім-шартта ескерілмеген, алайда Жұмыстарды аяқтау үшін қажетті жұмыстар көлемі анықталса, Мердігер мұндай жұмыстарды өз күшімен және мүмкіндігінше қысқа мерзімде, Келісім-шарт сомасын ұлғайтусыз, Мердігердің көзделмеген шығыстары есебінен орындайды. Бұл ретте Мердігерде жоғарыда көрсетілген анықталған жұмыстар көлемін орындауға жұмсалған шығындарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап ету құқығы туындамайды;

3.1.3. Егер Мердігердің нақты шығындары бағаны айқындау (сметаны жасау) кезінде ескерілген шығындардан аз болып, алынған үнемдеу орындалған Жұмыстардың сапасына теріс әсер етпесе, Тапсырыс беруші мұндай үнемдеуді Тараптар арасында тең бөлуді талап етуге құқылы.

3.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

3.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

3.3.1. Аралық төлем көзделген Келісім-шарттар бойынша:

3.3.1.1. Орындалған Жұмыстар көлемінің [пайызын көрсетіңіз] ([жазбаша]) % мөлшеріндегі төлем Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған, соның негізінде шот-фактура/төлемге шот (инвойс) жазылған орындалған Жұмыстар актісіне/Жұмыстарды орындаудың кезекті кезеңі бойынша орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Келісім-шарттың нөмірі көрсетілуі тиіс.

3.3.1.2. Орындалған Жұмыстар көлемінің [пайызын көрсетіңіз] ([жазбаша]) % мөлшеріндегі төлем Мердігердің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін 100 (жүз) % орындағаннан кейін, Келісім-шарттың 3.4-тармағында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

3.3.2. Егер Келісім-шарттың №1 қосымшасында алдын ала төлем көзделсе, мұндай алдын ала төлем Мердігердің төлемге шотты және Келісім-шартта айқындалған аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап, оның қолданылу мерзімі Келісім-шарт бойынша аванстық төлем толық өтелгенге дейін, 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсыну жөніндегі міндеттеме Тәртіптің 43-бабының 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін Мердігерге қолданылмайды. Келісім-шарт жасалған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз ету ұсынылмаған жағдайда, Келісім-шарт бойынша төлем Тапсырыс беруші тарапынан аванстық төлемсіз жүзеге асырылады. Мердігер аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда, мұндай аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізілмейді.

3.4. Орындалған Жұмыстар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар орындалған жұмыстар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Орындалған жұмыстар актісі) қол қойған мерзімде және келесі құжатты (құжаттарды):

3.4.1. Келісім-шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі бойынша елішілік құндылық үлесін есептеу (электрондық құжат нысанында, электрондық сатып алуды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) түпкілікті Орындалған жұмыстар актісімен бірге ұсынылады);

3.4.2. Шот-фактура;

3.4.3. Орындалған құрылыс жұмыстары мен шығындардың құны туралы анықтама;

3.4.4. Объектіні пайдалануға қабылдау актісі;

3.4.5. Белгіленген нысан бойынша жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) активтерді қабылдау-тапсыру актісі (реконструкциялау/жаңғырту жұмыстары кезінде қолданылады);

3.4.6. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі (түпкілікті есеп айырысу кезінде ресімделеді), ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

3.5. Аралық төлемдер мен түпкілікті есеп айырысу аванстық төлем сомасын пропорционалды түрде ұстап қалуды ескере отырып жүзеге асырылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.6. Заңнаға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісі (актілері) Мердігер Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

3.7. Шот/шот-фактура Орындалған жұмыстар актісінің негізінде жазылады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өткізу бойынша айналым жасалған күннен ерте емес және Орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы (күні қойылуы) тиіс.

3.8. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді дереу хабардар етуге міндетті, ал Мердігер дауды Тапсырыс берушінің пайдасына шешкеннен кейін соманың дауланбайтын бөлігіне жаңа шот ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші мен Мердігер даулы сомаларға қатысты барлық мәселелерді мүмкіндігінше жедел шешу және оларды түзету үшін барлық күш-жігерін салуға тиіс.

3.9. Кез келген шот-фактура бойынша төлем жасау фактісі, төлем жасамау немесе төлемге қарсылық білдіру, кез келген дауды реттеу барысында жүзеге асырылған кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Мердігердің шот-фактураларын мойындағанын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем кейіннен шотта көрсетілген кез келген соманың негізділігін даулау құқығын сақтай отырып жүзеге асырылады.

3.10. Келісім-шарт бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүзеге асырғанға дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынған нысан бойынша өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қояды. Мердігер өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін Тапсырыс берушіден алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қол қоюға және Тапсырыс берушіге ұсынуға міндеттенеді.

3.11. Мердігермен есеп айырысулар кезінде Мердігер Тапсырыс берушінің Мердігермен және Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалған барлық келісім-шарттар және/немесе мәмілелер бойынша төленуге жататын соманы біржақты тәртіппен азайтуға (өзара есепке алу тәртібімен) құқылы екендігімен келіседі, ол төмендегі сомаларға тең болады: - Мердігердің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы үшін Тапсырыс беруші қойған айыппұл санкциялары және/немесе шығындар; - төленген аванстар; - Мердігердің Тапсырыс берушіге төлеуге жататын кез келген берешегі.

3.12. Осы Келісім-шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес айқындалған, орындалған Жұмыстар үшін Мердігерге тиесілі төлем бойынша берешекті өтеуге бағытталады.

3.13. Осы Келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының аумағында Мердігердің пайдасына ақша қаражаттарын аударуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді, ал Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге ақша аударуға байланысты барлық өзге шығыстарды, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, корреспондент-банктердің банктік комиссияларын Мердігер көтереді. Мердігер Тапсырыс берушінің пайдасына ақша аударуға байланысты барлық шығыстарды өзі көтереді.

3.14. Құжаттар топтамасының, оның ішінде өзара есеп айырысуларды салыстыру актісінің, тиісінше рәсімделмеуі және/немесе төлемге уақтылы ұсынылмауына байланысты төлемді кешіктіру үшін Тапсырыс беруші жауапты болмайды.

3.15. Келісім-шарт бойынша төлем _____ арқылы, Келісім-шарттың 20-бөлімінде көрсетілген Мердігердің есеп айырысу шотына ақша қаражаттарын аудару жолымен жүзеге асырылады.

3.16. Тапсырыс берушінің және Мердігердің банктік деректемелері немесе заңды мекенжайлары өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-бірін осындай өзгеріс күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала хабардар етуге міндетті. Жоғарыда көрсетілген хабарлаудың мерзімдерін бұзу немесе Мердігердің төлемге арналған деректемелерді дұрыс көрсетпеуі нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүзеге асырылған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша қаражаттары Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстар сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалып, алынған ақша қаражаттарын Мердігерге аударуға міндетті.

3.17. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлға болып табылса, төлем Мердігер ұсынған төлемге арналған шот/инвойс (шот-фактура ресімделмей) негізінде, төлем көзінен ұстап қалынатын корпоративтік табыс салығын шегере отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте Мердігердің: - Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, егер кірістерге өзге салық салу қағидалары көзделген кірістерге қосарланған салық салуды болдырмау және кірістер мен капиталға салық төлеуден жалтарудың алдын алу мәселелерін реттейтін халықаралық шарттың ережелері қолданылса, ұстап қалынған корпоративтік табыс салығы сомасын Қазақстан Республикасының бюджетінен дербес қайтарып алу құқығы бар; немесе - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Мердігердің резиденттік елінде есепке жатқызу мақсатында Қазақстан Республикасының көздерінен алынған кірістер және ұстап қалынған (төленген) салықтар сомалары туралы салық органынан анықтама алу құқығы бар. Мұндай анықтаманы салық агенті ретінде Тапсырыс беруші де алуға құқылы. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде және қолданылатын кірістерге қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарттардың (бұдан әрі – Конвенциялар) ережелерінде, сондай-ақ қолданылған жағдайда салық базасын эрозиялауға және пайданы салық салудан шығаруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды іске асыру туралы Көпжақты конвенцияны (бұдан әрі – MLI) ескере отырып, белгілі бір талаптар мен критерийлердің орындалуы негізінде, Тапсырыс беруші Мердігердің кірістерін Қазақстан Республикасында салық салудан босату немесе оларға төмендетілген мөлшерлемені қолдану туралы шешімді дербес қабылдауға құқылы.

3.18. Конвенциялардың ережелерін MLI қолданылған жағдайда ескере отырып қолдану мүмкіндігін Тапсырыс берушінің қарауы үшін,

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша, Тапсырыс беруші белгілеген талаптарға және мерзімдерге сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынады. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Тапсырыс беруші Орындаушы ұсынған ақпарат пен растайтын құжаттардың негізінде Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құру фактісін тексереді. Орындаушының Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрғаны анықталған жағдайда, сондай-ақ Орындаушының Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынбауы/толық ұсынбауы жағдайында, Тапсырыс беруші Конвенциялардың төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдану немесе Орындаушының кірістерін Қазақстан Республикасында салық салудан босату бөлігіндегі ережелерін қолдануға құқылы емес және Орындаушыға кіріс төлеген кезде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес мөлшерлеме бойынша табыс салығын ұстап қалады.

3.19. Қазақстан Республикасының Салық кодексінде, егер Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын жеке тұлғалар немесе азаматтығы жоқ адамдар Мердігердің қызметкерлері және (немесе) мердігерлері (қосалқы мердігерлері), не Мердігер тартқан бірлескен орындаушының (қосалқы мердігердің) қызметкерлері болып табылып, осы Келісім-шарт шеңберінде Мердігер тартқан жағдайда (бұдан әрі – Қызметкер(лер)), ағымдағы салық кезеңі үшін Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты болатын тұлғалар деп танылса (яғни Қазақстан Республикасының аумағында кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде, осы Келісім-шартқа қол қойылған, осы Келісім-шарт қолданылатын немесе орындалған Жұмыстар актісі (актілері) қол қойылған күнтізбелік жылы аяқталатын кезеңде, кемінде жүз сексен үш (183) күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған жағдайда), мұндай Қызметкерлердің кірістері Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 656-бабына сәйкес Жеке табыс салығымен (ЖТС) салық салуға жатады. Қызметкерлердің кірістерінен ЖТС-ты уақтылы және толық ұстап қалу жауапкершілігі салық агенті ретінде Тапсырыс берушіге жүктеледі. ЖТС бойынша міндеттемелер осы тармақтың келесі тармақшаларында белгіленген тәртіппен орындалады.

3.19.1. Өзінің салықтық міндеттемесін орындау мақсатында Тапсырыс беруші Келісім-шарт бойынша Жұмыстар үшін әрбір төлем жасаған кезде, әрбір осындай төлем сомасының 80 пайызының 10 пайызы мөлшерінде есептелген Қызметкерлер үшін ЖТС төлеу есебіне соманы ұстап қалады.

3.19.2. Мердігер Тапсырыс берушіге барлық Қызметкерлер бойынша деректер көрсетілген нысан бойынша ақпаратты, аталған Қызметкерлердің паспорттарының (немесе Қызметкерлердің жеке басын куәландыратын заңнамада көзделген өзге де құжаттардың) көшірмелерін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын кесіп өтуі туралы шекаралық бақылау-өткізу пункттерінің белгілері бар құжаттарды және Қызметкерлердің Қазақстан Республикасында болу уақытын растайтын өзге де құжаттарды төмендегі мерзімдерде ұсынады: (1) Келісім-шартқа қол қою кезінде (ақпарат келісім-шарт жасалған жылға дейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап Келісім-шарт жасалған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс); (2) Орындалған Жұмыстардың әрбір актісіне қол қою күніне (ақпарат Орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған жылға дейінгі жылдың 1 қаңтарынан бастап Орындалған Жұмыстар актісіне қол қойылған күнге дейінгі деректерді қамтуы тиіс). Аталған құжаттар әрбір Қызметкердің Қазақстан Республикасының аумағында кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кезеңде, 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болуын/болмауын айқындау және ЖТС сомасын анықтау үшін Тапсырыс берушіге ұсынылады.

3.19.3. Қазақстан Республикасының аумағында кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кезең шегінде, кемінде жүз сексен үш (183) күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша Орындалған жұмыстар актісімен бір мезгілде төмендегі құжаттар ұсынылады: 1) Қазақстан Республикасына жіберілген әрбір Қызметкермен жасалған жеке еңбек шартының (келісімшарттың) және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттың нотариаттық куәландырылған көшірмесі; 2) Мердігердің резиденттік мемлекетінің заңнамасында көзделген, Қызметкермен жасалған еңбек шарты және (немесе) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт шеңберінде жалдамалы еңбек бойынша алынатын Қызметкердің кірістері туралы мәліметтерді қамтитын өзге құжат.

3.19.4. Осы Келісім-шарттың 3.19.1-тармақшасына сәйкес ұстап қалынған ЖТС сомасы, Келісім-шарттың 3.19.2 және 3.19.3-тармақшалары бойынша ұсынылған құжаттар негізінде, Орындалған жұмыстардың соңғы актісіне қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Мердігерге (толық немесе ішінара) қайтарылуы мүмкін. Тапсырыс беруші қайтарылатын ЖТС сомасын Келісім-шарттың 3.19.5-тармақшасында көрсетілген формула бойынша, Келісім-шарт аяқталған күнге төмендегі шарттар бір мезгілде орындалған жағдайда айқындайды: (1) барлық Қызметкерлер бойынша Келісім-шарттың 3.19.2-тармақшасында көрсетілген құжаттар ұсынылған; (2) елісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген және Қазақстан Республикасының аумағында кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кезең шегінде, кемінде жүз сексен үш (183) күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлер бойынша Келісім-шарттың 3.19.3-тармақшасында көрсетілген құжаттар белгіленген көлемде және белгіленген мерзімдерде ұсынылған.

3.19.5. Қайтарылатын ЖТС сомасы төмендегі тәртіппен айқындалады: ЖТСқайтар = ЖТСұст – ПДР × 10%, мұнда: ЖТСқайтар – Мердігерге қайтарылуға жататын ЖТС сомасы, ЖТСұст – Келісім-шарттың 3.19.1-тармақшасына сәйкес ұстап қалынған ЖТС сомасы, ПДР – Қазақстан Республикасының аумағында кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде, ағымдағы салық кезеңінде аяқталатын кезең шегінде, 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болған барлық Қызметкерлердің кірістері, егер мұндай кірістер Келісім-шарттың 2.16.3-тармақшасында көрсетілген құжаттармен расталған жағдайда. Кіріс сомасы Келісім-шарттың қолданылу мерзімі шегінде Қазақстан Республикасында болған күнтізбелік күндер санына пропорционалды түрде айқындалады.

3.19.6. Мердігер Келісім-шарттың 3.19.2 және 3.19.3-тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ осы тармақтың 3.19.2-тармақшасына сәйкес ұсынылған ақпарат негізінде Келісім-шарт шеңберінде Қазақстан Республикасына жіберілген Қызметкерлердің кемінде біреуі Қазақстан Республикасының аумағында кез келген қатарынан келетін он екі айлық кезеңде, ағымдағы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

салық кезеңінде аяқталатын кезең шегінде, 183 (жүз сексен үш) және одан да көп күнтізбелік күн (келу және кету күндерін қоса алғанда) болғаны анықталып, бірақ ол Қызметкер бойынша Келісім-шарттың 3.19.3-тармақшасы шеңберінде құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 3.19.1-тармақшасына сәйкес ұстап қалған ЖТС-тың бүкіл сомасы Мердігерге қайтарылмайды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленеді. Осы тармақты тиісінше орындамау, оның ішінде дәйексіз (сенімсіз) ақпарат ұсыну жағдайында, Мердігер Тапсырыс берушінің талабы бойынша, соның салдарынан Тапсырыс беруші шеккен залалдарды, оның ішінде қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын өтеуге міндеттенеді.

3.20. Қазақстан Республикасының салықтар, баждар және бюджетке төленетін өзге де төлемдер жөніндегі заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Келісім-шартқа сәйкес өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

3.21. Осы Келісім-шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексі нормаларын қолдану туралы кез келген ережелерге қарамастан, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделгендерден өзгеше қағидалар белгіленсе, онда көрсетілген халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3.22. Осы арқылы Мердігер «Самұрық-Қазына» АҚ-ның кредиттік тәуекелдерді басқару жөніндегі Корпоративтік стандартымен таныс екенін растайды.

3.23. Мердігердің кінәсінен, оның ішінде Мердігердің өз кінәсінен, Мердігердің қызметкерлерінің, Мердігер өкілінің, қосалқы мердігерлердің және олардың қызметкерлерінің кінәсінен туындаған тұрып қалуларға немесе уақыттың артық жұмсалуына, сондай-ақ Апатты жоюға байланысты Мердігердің барлық шығындары Мердігердің өз есебінен төленеді және Тапсырыс беруші тарапынан өтелмейді.

4. Жұмыстарды орындау мерзімдері, шарттары, көлемі және орны

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімдері Келісім-шарттың №9 қосымшасында айқындалады, ал Жұмыстарды орындаудың шарттары, көлемі және орны осы Келісім-шарттың №1 және №2 қосымшаларында, сондай-ақ жобалық-сметалық құжаттамада айқындалады. Бұл ретте Мердігер Күнтізбелік кестеде көзделген Жұмыстарды орындаудың басталу күнінен не кезеңінен бастап [Күндер саны] ([жазбаша]) жұмыс күнінен кешіктірмей Жұмыстарды орындауға кірісуге міндетті.

4.2. Жұмыстар Тапсырыс беруші тарапынан көлемі мен сапасы бойынша Келісім-шарттың №1, №2 және №9 қосымшаларына сәйкес Орындалған жұмыстарды қабылдау актісімен қабылданады. Жұмыстардың орындалған күні болып Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстарды қабылдау актісіне қол қойған күн есептеледі.

4.3. Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындауды бастамас бұрын Мердігер өзіне және өзінің қосалқы мердігерлеріне Жұмыстарды жүргізу үшін Тапсырыс берушінің аумағына Рұқсат-хат алуға міндетті.

4.4. Рұқсат-хат алу үшін Мердігер осы Келісім-шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде техникалық сипаттаманың талаптарына сәйкес, Мердігердің/қосалқы мердігердің Келісім-шарт талаптарының барлығына сәйкестігін растайтын барлық құжаттарды ұсынады, оның ішінде құрылтай құжаттарының көшірмелерін, қызметкерлердің біліктілігін растайтын құжаттарды, рұқсат беру құжаттарын, лицензияларды, орындалатын Жұмыстарға арналған сертификаттарды, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды және Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін талап етілетін өзге де рұқсат беру құжаттарын, сондай-ақ (қажет болған жағдайда) Мердігердің жарақтандырылуының Келісім-шарт талаптарына сәйкестігін тексеру үшін Тапсырыс берушінің Мердігердің өндірістік базасына кіруін қамтамасыз етеді. Құжаттар ұсынылмаған және/немесе тексеру қорытындысы бойынша Мердігер мәлімдеген жарақтандырылу расталмаған жағдайда, сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Тапсырыс беруші жазбаша жауаппен Рұқсат-хат беруден бас тартады, бұл ретте Мердігер Келісім-шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапты болады. Тапсырыс беруші сондай-ақ осы Келісім-шарттың 9.3.2-тармағына сәйкес Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

4.5. Жұмыстардың басталу күні осы Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Күнтізбелік кестеде айқындалады.

4.6. Құрылыс алаңында Жұмыстарды бастамас бұрын объектінің атауы, Тапсырыс берушінің және Мердігердің атауы, объект бойынша жұмыстарды орындауға жауапты тұлғаның тегі, лауазымы және телефон нөмірі көрсетілген ақпараттық тақталар орнатылуға тиіс.

4.7. Келісім-шарт бойынша Жұмыстар Мердігер тарапынан Күнтізбелік кестеге және жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес орындалады. Жұмыстар Мердігер тарапынан осы Келісім-шартта көрсетілген көлемдерде және мерзімдерде Жұмыстарды орындау үшін қажетті тиісті материалдық-техникалық қуаттарды және білікті адам ресурстарын (қызметкерлерді) пайдалана отырып орындалады.

4.8. Мердігердің міндеттеріне Нормаларға сәйкес жұмыстарды жүргізу жобасын әзірлеу және қолдану кіреді.

4.9. Мердігер құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасына қойылатын жобалық-сметалық құжаттама мен нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

4.10. Мердігер Нормаларда, жобалық-сметалық құжаттамада және/немесе Келісім-шартта белгіленген тәртіппен және құрамда жасырын жұмыстарды куәландыруды, жауапты конструкциялар мен жабдықтарды аралық қабылдауды орындауды және олардың құжатталуын қамтамасыз етеді.

4.11. Мердігер Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Келісім-шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерінің барлығын

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

немесе бір бөлігін басқаға беруге құқылы емес.

4.12. Тапсырыс берушінің әрекеттерімен байланысты емес, Жұмыстарды тапсыруға дейін кездейсоқ туындаған орындау мүмкін еместігінің тәуекелін Мердігер көтереді.

4.13. Жұмыстардың қымбаттау тәуекелі, мұндай қымбаттаудың себебіне қарамастан, Мердігерге жүктеледі.

4.14. Құрылыс-монтаждау жұмыстары Мердігер тарапынан «дайын күйінде» орындалатындықтан, Жұмыстарды орындауға байланысты барлық өзге де құрылыс тәуекелдерін де Мердігер көтереді.

4.15. Осы Келісім-шартта Мердігердің міндеттемелері, жауапкершілігі және кепілдіктері бөлігінде белгіленген шарттар, егер өзгеше көзделмесе немесе Келісім-шарт талаптарынан өзгеше туындамаса, қосалқы мердігерге де тең дәрежеде қолданылады. Мердігер Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындауға тартылған өз қосалқы мердігерлерінің кез келген әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін Тапсырыс беруші алдында жауап береді. Мердігер Тапсырыс берушіні өзінің қосалқы мердігерлері алдындағы кез келген жауапкершіліктен, сондай-ақ Мердігердің қосалқы мердігерлері Жұмыстарды орындау салдарынан туындайтын үшінші тұлғалар алдындағы кез келген жауапкершіліктен қорғайды және босатады.

4.16. Тапсырыс беруші тарапынан мониторинг жүргізу мақсатында, Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің алғашқы талабы бойынша оған қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін, қосалқы мердігерлікке және Жұмыстарға қатысты өзге де құжаттар мен ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Аталған құжаттарды ұсынудан бас тарту, сондай-ақ дәйексіз мәліметтерді қамтитын құжаттарды ұсыну Тараптар тарапынан Мердігердің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы деп танылады және Тапсырыс берушіге Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзу құқығын береді.

4.17. Тапсырыс беруші 4.16-тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелерінің дұрыстығына күмән келтіретін мән-жайлар туындаған кез келген уақытта Мердігерден аталған құжаттардың түпнұсқаларын талап етуге құқылы. Тапсырыс берушінің талабы келіп түскен жағдайда, Мердігер сұратылған құжаттарды 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

4.18. Мердігердің мәртебесі және Жұмыстарға қойылатын талаптар.

4.18.1. Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде Мердігер Жұмыстарды орындау процесін бақылау және басқару құқығы бар тәуелсіз мердігер ретінде әрекет етеді және Жұмыстардың нәтижелері үшін, сондай-ақ Жұмыстарды орындау тәртібі мен кезектілігін еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкес қамтамасыз ету үшін жауапты болады. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс беруші ұсынған жобалық-сметалық құжаттамаға, сондай-ақ (бар болған жағдайда) осы Келісім-шарт шеңберінде жекелеген Жұмыстар түрлерін орындаудың тәртібін, тәсілдері мен әдістерін реттейтін Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарына сүйенеді. Мұндай ішкі нормативтік құжаттар болған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды бастамас бұрын Мердігерге ұсынуға міндетті.

4.18.2. Мердігер осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды «дайын күйінде» орындайды.

4.18.3. Мердігер Жұмыстарды Тапсырыс берушімен және мемлекеттік органдармен тиісті түрде келісілген және қажетті сараптамалардан өткен жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес орындайды.

4.18.4. Мердігер жобалық-сметалық құжаттамада және техникалық сипаттамада көрсетілген барлық Жұмыстарды орындауға міндетті. Жобалық-сметалық құжаттама талаптары мен Келісім-шартта және оған қоса берілген техникалық сипаттамада көзделген Жұмыстарға қойылатын талаптар арасында қайшылықтар болған жағдайда, Мердігер Жұмыстарды қатаң түрде жобалық-сметалық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкес орындайды.

4.18.5. Жасырын жұмыстарды орындау және қабылдау тәртібі заңнамада айқындалады. Келісім-шарт бойынша орындалған Жұмыстарды Тапсырыс берушінің қабылдауы Мердігер барлық орындаушылық-техникалық құжаттаманы ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

4.18.6. Тапсырыс берушіде орындалатын Жұмыстарды бақылау, тексеру және инспекциялау мақсатында қол жеткізу құқығы сақталады. Тапсырыс беруші өз қалауы бойынша, кез келген уақытта және кез келген тәртіппен, өз қызметкерлерін тарту немесе өзге тәсілдермен Жұмыстардың орындалу барысын инспекциялауға, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың Келісім-шарт талаптарына сәйкестігін анықтау үшін Мердігердің материалдары мен жабдықтарына кез келген уақытта қол жеткізуге құқылы.

4.18.7. Егер Мердігер орындайтын Жұмыстардың көлемі Келісім-шарт талаптарына сәйкес келмесе немесе Жұмыстар оның талаптарына сай орындалмаса, Тапсырыс беруші бұл туралы тиісті журналда бұзушылықты көрсете отырып, Мердігерге хабарлайды, ал Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде ақаулар мен кемшіліктерді жояды және Жұмыстардың Келісім-шарт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

4.18.8. Тапсырыс беруші өкілінің болуы, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан жүргізілетін инспекция мен бақылау Мердігерді Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелері мен жауапкершілігінен босатпайды.

4.18.9. Мердігер, оның қызметкерлері, Мердігердің өкілі немесе қосалқы мердігерлер Тапсырыс берушінің атынан қандай да бір міндеттемелер қабылдауға, сондай-ақ Жұмыстарды орындау барысында Тапсырыс берушінің қызметкері немесе өкілі ретінде әрекет

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

етуге құқылы емес.

4.18.10. Мердігер Келісім-шарт бойынша барлық міндеттемелерді өз қаражаты және өз есебінен (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Мердігердің қызметкерлеріне жалақы, сыйақылар, сақтандыру және кез келген сипаттағы әлеуметтік төлемдерді, материалдарды, жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді төлеуді қоса алғанда), өз тәуекелі мен жауапкершілігімен, Келісім-шарт пен заңнаманы тиісінше сақтай отырып орындайды.

4.18.11. Жұмыс алаңында табылған барлық пайдалы қазбалар, тиындар мен бағалы заттар, сондай-ақ антиквариат заттары, құрылыстар және геология немесе археология тұрғысынан қызығушылық тудыратын өзге де қалдықтар немесе заттар (Тараптар арасындағы қатынастарда) Тапсырыс берушінің меншігі болып есептеледі. Мердігер өз қызметкерлерінің, жұмысшыларының немесе өзге тұлғалардың аталған заттарды алып кетуіне немесе бүлдіруіне жол бермеу үшін ақылға қонымды сақтық шараларын қабылдауға міндетті. Мұндай зат немесе бұйым табылған жағдайда, Мердігер бұл туралы дереу Тапсырыс берушіге хабарлауға міндетті, ал Тапсырыс беруші Мердігердің осы жағдайда қалай әрекет етуі керектігі жөнінде нұсқаулар бере алады.

4.18.12. Мердігер өз қосалқы мердігерлерінің, олардың қызметкерлері мен өкілдерінің кез келген әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін, мұндай әрекеттер немесе әрекетсіздік Мердігердің өзі жасағандай, толық көлемде жауапты болады. Қосалқы мердігерлікке арналған кез келген шарт осы Келісім-шарттың ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

4.18.13. Мердігер өз міндеттемелерін Келісім-шарттың ережелері мен талаптарына, Тапсырыс берушінің нұсқауларына, жобалық-сметалық құжаттамаға, техникалық сипаттамаға және Күнтізбелік кестеге сәйкес, Жұмыстарды қауіпсіз орындау тәртібін сақтай отырып, тиісті ұқыптылықпен және мұқияттылықпен, негізсіз кідірістер мен Жұмыстарды тоқтатусыз орындауға міндеттенеді. Күнтізбелік кестеге, Жұмыстарды ұйымдастыруға немесе оларды орындау әдістеріне кез келген өзгерістер Тапсырыс берушімен жазбаша түрде келісілуі тиіс.

4.18.14. Әртүрлі келісім-шарттар шеңберінде бір Жұмыс алаңында әртүрлі мердігерлердің Жұмыстарды қатар орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, Мердігер басқа мердігерлердің Жұмыстарды орындауына кедергі келтіретін қандай да бір әрекеттер жасамауға міндеттенеді. Мұндай қатар орындауға байланысты барлық даулы мәселелер және әртүрлі келісім-шарттар шеңберінде Жұмыстарды орындау тәртібін айқындау Мердігер мен Тапсырыс берушінің өкілі арасында, қабылданған шешім туралы Тапсырыс берушіні міндетті түрде хабардар ете отырып шешіледі. Өзара іс-қимыл тәртібін Тапсырыс беруші айқындайды.

4.19. Мердігердің материалдары, жабдықтары және қызметкерлері.

4.19.1. Мердігер өз есебінен Мердігердің құрал-сайман материалдары мен жабдықтарын, оларға арналған қосалқы бөлшектерді және өзге де материалдарды ұсынады және заңнама талаптарына сәйкес тиісті сертификаттаудан өткен жағдайда, Жұмыстарды орындау барысында оларды әрдайым жарамды жұмыс күйінде ұстауға міндеттенеді.

4.19.2. Мердігер Жұмыстарды орындау үшін пайдаланатын құрал-сайман материалдары мен жабдықтары, қосалқы бөлшектер, қорлар және өзге де материалдар осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес келуге және Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

4.19.3. Құрал-сайман материалдары мен жабдықтарын жөндеу, өзгерту, техникалық қызмет көрсету және ауыстыру Мердігер тарапынан өз есебінен ұйымдастырылады. Мердігер Жұмыстарды үздіксіз, тиімді және қауіпсіз жүргізу үшін қажетті құрал-сайман материалдары мен жабдықтарының және оларға арналған қосалқы бөлшектердің жеткілікті санын қамтамасыз ету үшін жауапты болады.

4.19.4. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер құрал-сайман материалдарының үлгілерін ұсынуға, сондай-ақ Тараптар келісетін тәртіппен құрал-сайман жабдықтарының жұмысын көрсетуге міндетті.

4.19.5. Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілі Мердігердің құрал-сайман материалдары мен жабдықтарын тексеруге, сондай-ақ Тапсырыс берушінің талабы бойынша сынақтар, техникалық тексерулер, қауіпсіздік пен сапаны тексерулер жүргізу кезінде қатысуға құқылы.

4.19.6. Монтаждалатын жабдықтар, материалдар және Мердігердің қызметтері Мердігер тарапынан өз есебінен сатып алынады немесе жүзеге асырылады.

4.19.7. Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше орындау үшін қажетті Мердігердің монтаждалатын жабдықтары мен материалдарының тізбесі жобалық-сметалық құжаттамада айқындалады.

4.19.8. Бұл ретте Мердігер сатып алуды жоспарлап отырған монтаждалатын жабдықтар мен материалдардың сапалық сипаттамаларын алдын ала Тапсырыс берушімен келісуге, жеткізуге шарттар жасалғанға дейін Тапсырыс берушіге олардың сапасын растайтын сертификаттарды, паспорттарды және объектіде пайдалануға жарамдылығын айқындауға мүмкіндік беретін өзге де құжаттарды ұсынуға міндеттенеді. Сапаны, үйлесімділікті, жобалық шешімдердің сақталуын қамтамасыз ету, сондай-ақ сатып алынатын жабдықтардың және/немесе материалдардың нарықтық құнына сәйкестігін айқындау мақсатында, Мердігер жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес өзі жабдықтарды және/немесе материалдарды сатып алуға міндетті дайындаушы зауыттардың, олардың ресми жеткізушілерінің не ресми дилерлерінің тізбесін Тапсырыс берушімен алдын ала келісуге міндетті.Мердігердің Тапсырыс берушімен келісілген дайындаушы зауыттардан, олардың ресми жеткізушілерінен не ресми дилерлерінен жабдықтарды және/немесе

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

материалдарды сатып алудан бас тартуына (оны ауыстыруына) (Тапсырыс берушіні міндетті түрде хабардар ете отырып), тек жабдықтардың және/немесе материалдардың жобалау-сметалық құжаттама талаптарына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтіндігін айғақтайтын, құжатпен расталған мән-жайлар болған жағдайда ғана ерекше ретпен жол беріледі.Сапа, жиынтықтылық, жеткізу мерзімдері, монтаждау, кепілдікті қызмет көрсету бойынша барлық міндеттемелер мен Тапсырыс беруші алдындағы жауапкершілік толық көлемде Мердігерде қалады. Сатып алуды ұйымдастырумен, логистикамен, дайындаушы зауытпен, оның ресми жеткізушісімен не ресми дилерімен өзара іс-қимыл жасаумен және өзге де міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етумен байланысты тәуекелдерді Мердігер көтереді.

4.19.9. Мердігер сатып алатын монтаждалатын жабдықтар мен материалдар жаңа, жарамды, толық жинақталған және Нормалар талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.19.10. Мердігер жеткізетін жабдықтар, техникалық құрылғылар мен материалдар Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсаты және сәйкестік сертификаттары болуы тиіс.

4.19.11. Мердігер Жұмыстарды орындау барысында орналастырылған жабдықтар мен материалдарды жеткізуге арналған барлық тапсырыстардың бағалары көрсетілген көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынады.

4.19.12. Мердігер жабдықтардың, техникалық құрылғылардың және материалдардың тексеруге және/немесе сынақтан өткізуге дайын екендігі туралы Тапсырыс берушіні мұндай тексеру және/немесе сынақ басталғанға дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабардар етеді. Тапсырыс беруші зауыт-өндірушіде жүргізілетін инспекцияға қатысу үшін өз өкілдерін жіберуге тиіс, бұл ретте Мердігер Тапсырыс беруші өкілдерінің қатысуын өз қаражаты есебінен қамтамасыз етеді.

4.19.13. Тапсырыс беруші өкілінің Мердігер жүргізетін тексерулерге және/немесе сынақтарға қатысуы Мердігерді жабдықтардың, техникалық құрылғылардың және материалдардың сандық және сапалық көрсеткіштерін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерінен босатпайды.

4.19.14. Мердігер өзінің және қосалқы мердігерлерінің құрал-сайман және монтаждалатын жабдықтарына, оның ішінде машиналарға, техникаларға және құралдарға келтірілген зиян үшін толық жауапкершілікті өз бетінше көтереді.

4.19.15. Мұндай зиян Тапсырыс берушінің, Тапсырыс беруші өкілдерінің немесе Тапсырыс берушінің қызметкерлерінің кінәсінен келтірілгені дәлелденген жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші жауапты болмайды.

4.19.16. Мердігер Жұмыстарды орындау кезінде қызметкерлердің мәлімделген біліктілік деңгейін қамтамасыз етуге міндетті.

4.19.17. Тапсырыс беруші Жұмыстарды орындайтын Мердігердің қызметкерлерінің Мердігер Тапсырыс берушіге ұсынған мәліметтерге сәйкестігін, оның ішінде мәлімделген тұлғалардың іс жүзінде Жұмыстарды орындайтын тұлғаларға сәйкестігін, сондай-ақ қызметкерлердің нақты құзыреттері, біліктілігі, дағдылары мен тәжірибесінің мәлімделген мәліметтерге сәйкестігін бақылауға құқылы.

4.19.18. Тапсырыс беруші Мердігердің мәлімделген қызметкерлері мен іс жүзінде Жұмыстарды орындайтын қызметкерлер арасындағы сәйкессіздікті, сондай-ақ қызметкерлердің нақты құзыреттері, біліктілігі, дағдылары мен тәжірибесінің мәлімделген мәліметтерге сәйкес келмеуін анықтаған жағдайда, Жұмыстарды тоқтатуға және Мердігерден қызметкерлерді мәлімделген талаптарға сәйкес немесе құзыреттілігі, біліктілігі, дағдылары мен тәжірибесі мәлімделген деңгейден кем емес деңгейге ие қызметкерлермен ауыстыруды талап етуге құқылы. Жұмыстар тоқтатылған жағдайда, осы Келісім-шарт шеңберінде және Жұмыстарды орындауға байланысты Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстарды, залалдарды және өзге де шығындарды, оның ішінде Жұмыстарды тоқтатуға байланысты және Мердігердің/қосалқы мердігерлердің кінәсінен келтірілген шығындарды Мердігер Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

4.19.19. Мердігер өз қызметкерлері үшін толық жауапты болады, осыған қатысты барлық мәселелерді өз бетінше рәсімдейді және Мердігердің қызметкерлерінің әрекеттеріне/әрекетсіздігіне байланысты барлық талаптардан, шағымдардан және міндеттемелерден Тапсырыс берушіні босатады.

4.19.20. Тапсырыс беруші, егер Мердігердің қызметкерлері Нормалардың, заңнаманың және (бар болған жағдайда) Жұмыстарды орындау тәртібін, тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ Келісім-шарт талаптарын реттейтін Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарының талаптарын бұзса, Мердігерден қызметкерлерді ауыстыруды талап етуге құқылы.

4.19.21. Мердігер Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін шетелдік жұмыс күшін тартқан жағдайда, заңнама талаптарына сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартуға қажетті барлық рұқсат беру құжаттарын өз күшімен және өз қаражаты есебінен алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

4.19.22. Мердігер Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін шетелдік жұмыс күшін заңнама талаптарын бұза отырып тартумен байланысты кез келген жауапкершіліктен Тапсырыс берушіні қорғауға (босатуға) міндеттенеді.

4.19.23. Мердігер өз есебінен Мердігердің қызметкерлерін жазатайым оқиғалардан сақтандыруды жүзеге асыруға, Апаттар, техногендік апаттар туындаған жағдайда Мердігердің қызметкерлерін Жұмыс алаңынан дереу медициналық эвакуациялауды және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес зардап шеккен қызметкерлерді медициналық ұйымдарда әрі қарай

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

емдеуді, денсаулығын қалпына келтіруді қамтамасыз етуге міндетті.

4.19.24. Мердігер өз қызметкерлеріне қатысты барлық шығыстарды, оның ішінде Қазақстан Республикасында төленуге жататын барлық төлемдерді, салықтарды және өзге де алымдарды өз бетінше өтейді.

4.19.25. Мердігер құрылыс объектісінде тартылған Мердігердің барлық қызметкерлері үшін қажетті тұрғын және тұрмыстық үй-жайларды өз күшімен және өз есебінен ұсынуға міндетті; Мердігерге қызметкерлерді құрылыс объектісінің өзінде орналастыруға тыйым салынады.

4.19.26. Мердігер, егер мұндай жағдай Тапсырыс берушінің кінәсінен туындап, ол дәлелденбеген жағдайларды қоспағанда, төмендегілерге байланысты барлық талаптардан, залалдардан, шығындардан (сот шығындарын қоса алғанда), шығыстар мен міндеттемелерден Тапсырыс берушіні қорғауға және жауапкершіліктен босатуға міндеттенеді әрі солар үшін жауапты болады: а) Келісім-шарт шеңберінде немесе оны орындауға байланысты Мердігер және Тапсырыс беруші ұсынған мүліктің жоғалуы немесе бүлінуі; б) Мердігердің қызметкерлерінің жарақат алуы, оның ішінде Мердігердің қызметкерлері Жұмыстар жүргізілетін учаскеде болған кезеңде алған дене жарақаттары, өлімі және ауруы; в) үшінші тұлғалардың жарақат алуы, оның ішінде дене жарақаттары, өлімі немесе ауруы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың кез келген мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі.

4.19.27. Егер мұндай жағдай Тапсырыс берушінің кінәсінен туындап, ол дәлелденген болса, Тапсырыс беруші төмендегілерге байланысты барлық талаптардан, залалдардан, шығындардан (сот шығындарын қоса алғанда), шығыстар мен міндеттемелерден Мердігерді және/немесе оның қосалқы мердігерін қорғауға және жауапкершіліктен босатуға міндеттенеді әрі солар үшін жауапты болады: а) Жұмыс алаңында орналасқан, Тапсырыс берушінің меншігіндегі, жалға алынған немесе Келісім-шарт шеңберінде не оны орындауға байланысты өзге түрде ұсынылған Тапсырыс берушінің мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі; б) Келісім-шарт шеңберінде немесе оны орындауға байланысты Тапсырыс беруші өкілдерінің жарақат алуы, оның ішінде дене жарақаттары, өлімі немесе ауруы; в) үшінші тұлғалардың жарақат алуы, оның ішінде дене жарақаттары, өлімі немесе ауруы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың кез келген мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі.

4.19.28. Мердігер Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтарының сақталуына және оларды тиісінше пайдалануға жауапты болады.

4.19.29. Мердігер барлық орындалатын Жұмыстар үшін, Нормалар мен жобалық-сметалық құжаттама талаптарын сақтамау салдарынан туындауы мүмкін оқиғалар үшін Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапты болады және Мердігер мен оның қосалқы мердігерлері қатысқан барлық ықтимал оқиғалар бойынша Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босатады.

4.19.30. Мердігер Келісім-шарт бойынша барлық немесе оның бір бөлігіндегі міндеттемелерді орындаудан бас тартқан жағдайда, Келісім-шарттың 8-бөліміне сәйкес Тапсырыс берушіге айыппұл төлейді.

4.19.31. Осы Келісім-шарт шеңберінде және Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты Мердігердің/қосалқы мердігерлердің кінәсінен, оның ішінде Жұмыстарды тоқтатуға байланысты Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстарды, залалдарды және өзге де шығындарды Мердігер Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

4.19.32. Мердігер Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындауға байланысты туындайтын зияткерлік құқықтардың бұзылуына немесе болжамды бұзылуына байланысты барлық әрекеттер, талаптар, шағымдар, залалдар, шығындар, шығыстар мен міндеттемелер бойынша жауапты болады, Тапсырыс берушіні жауапкершіліктен босатады, оны қорғайды және келтірілген зиянды өтейді, сондай-ақ патенттік құқықты, тіркелген жобаға құқықты, авторлық құқықты, тауар белгісін немесе кез келген өзге зияткерлік меншік құқығын бұзуға байланысты қойылған талаптар бойынша Тапсырыс берушінің барлық шығыстарын өтеуге міндетті.

4.19.33. Тапсырыс берушінің осы Келісім-шартта көзделген құқықтық қорғау құралдарының барлығын немесе олардың кез келгенін пайдаланбауы, Мердігердің осы Келісім-шартты бұзуын мойындаудан бас тартуды немесе Келісім-шартты бұзу бойынша Мердігерге қарсы талаптарға қарсылық білдіруден бас тартуды білдірмейді, сондай-ақ Тапсырыс берушінің шот-фактураларды төлеуі де осындай бас тарту болып табылмайды.

4.19.34. Мердігер/қосалқы мердігер монтаждалуға жататын тауарларды, салынып жатқан объектіні жабдықтауға және/немесе құрылыс кезінде тұтынуға арналған тауарларды сметалық, алдын ала жобалық, жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамаға сәйкес, Сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде, сатып алынатын тауардың тауарөндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндеттенеді. Мердігер/қосалқы мердігер коммерциялық ұсыныстарды бағаның және тауар сипаттамаларының сметалық, алдын ала жобалық, жобалық (жобалық-сметалық) құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тендер қорытындылары бойынша Тапсырыс берушімен сатып алу туралы шарт жасалған күнге дейін қарайды. Баға мен тауар сипаттамалары жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, Мердігер тендер қорытындылары шығарылған күнге ең төмен бағаны ұсынған тауарөндірушімен және/немесе жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйыммен шарт жасасуға тиіс. Бұл ретте, коммерциялық ұсыныстар тендер қорытындылары шығарылғаннан кейін ұсынылған жағдайда да, Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылмайды, сатып алу сәтінде ұсынылатын тауарларға жеткізу шартының болуы және баға мен сипаттамалардың жобалық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі жағдайларын қоспағанда. Осы тармақтың талаптарын орындамаған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың 8.2.1-тармағында көзделген айыппұл түріндегі жауапкершілікке тартылады. Осы тармақта көзделген міндеттеменің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

орындалуын растау ретінде Мердігер Тараптар тиісті (түпкілікті) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күнге дейін тауарларды тауарөндірушілерден және/немесе жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу туралы шарттардың көшірмелерін, тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін ұсынады.

4.19.35. Егер Келісім-шарттың мәніне Қордың сатып алу жөніндегі Операторы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекенмен» келісу бойынша бекіткен, тауарларды тауарөндірушілерден сатып алу жүзеге асырылатын жұмыстар мен қызметтер тізбесіне кіретін жұмыстар енгізілсе (бұдан әрі – ҰКП), Мердігер тиісті тізбеге енгізілген жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауарөндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Жұмыстар шеңберінде тауарөндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін Қордың сатып алу жөніндегі Операторы ҰКП-мен келісу бойынша бекітеді. Осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалуын растау ретінде Мердігер Тараптар тиісті (түпкілікті) Орындалған жұмыстар актісіне қол қойған күнге дейін тауарларды тауарөндірушілерден және/немесе жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу туралы шарттардың көшірмелерін, тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін ұсынады. Егер тауардың бағасы, сипаттамалары және жеткізу мерзімдері Келісім-шарт талаптарымен негізделген Мердігер талаптарына сәйкес келмесе, Мердігер осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан босатылады. Баға Мердігер талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге тауарөндіруші/Жобаны іске асыратын ұйым ұсынған бағадан төмен бағамен сатып алынған тауарлар бойынша сатып алу шарттарының және қабылдау-тапсыру актілерінің көшірмелерін ұсынады.

4.20. Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтары.

4.20.1. Тапсырыс беруші өзінің қоймаларында бар Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтарын Мердігерге ұсынуға құқылы.

4.20.2. Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтарын Мердігерге беру Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында жасалатын жеке шарт жасасу жолымен жүзеге асырылады.

4.20.3. Мердігер барлық жағдайларда, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: а) тиісінше пайдаланбау; б) материалдарды жоспарланған тұтыну көлемдерінен негізсіз асыра пайдалану; в) жабдықты пайдалану жөніндегі нұсқаулықтардың талаптарын бұзу; г) жабдықтар мен материалдардың бүлінуі немесе ұрлануы салдарынан Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтарына келтірілген кез келген зиянды толық көлемде Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті, - егер мұндай зиян Тапсырыс берушінің, оның өкілдерінің немесе қызметкерлерінің кінәсінен келтірілгені дәлелденбесе немесе осы Келісім-шарттың 12-бөлімінде көрсетілген себептерден туындамаса. Кез келген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушінің материалдары мен жабдықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барынша мүмкін барлық шараларды қабылдауға міндеттенеді.

4.21. Тараптардың өкілдері.

4.21.1. Мердігер Жұмыстардың басталу күніне дейін осы Келісім-шартқа сәйкес орындалатын Жұмыстарға жауапты, Жұмыс алаңындағы Мердігердің өкілі болып табылатын және Мердігердің қызметін басқару мен Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында Жұмыстарға қатысты туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу бойынша толық өкілеттіктерге ие Мердігер өкілін тағайындайды.

4.21.2. Мердігер Жұмыстардың басталу күніне дейін жоба бас инженері мен Мердігердің өзге де өкілдерін тағайындауды/ауыстыруды Тапсырыс берушімен келісуге міндетті.

4.21.3. Тапсырыс беруші Жұмыстардың басталу күніне дейін осы Келісім-шартқа сәйкес Жұмыстарды орындауға байланысты Мердігер мен Тапсырыс беруші арасында туындайтын барлық ағымдағы мәселелерді шешу бойынша толық өкілеттіктерге ие Тапсырыс берушінің өкілін тағайындайды. Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың мақсаттары үшін ақылға қонымды қажет болатын кез келген мөлшерде өз өкілдерін тағайындауға құқылы және олардың тағайындалуы/ауыстырылуы туралы Мердігерді хабардар етеді.

4.21.4. Тапсырыс берушінің де, Мердігердің де өкілдері осы Келісім-шарттың қандай да бір шарттарына немесе ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге не Тараптардың осы Келісім-шартта көзделген қандай да бір құқықтары мен міндеттерінен бас тартуды бекітуге өкілетті емес. Мұндай өзгерістер тек белгіленген Тәртіпке сәйкес және Тараптар қол қойған қосымша келісім арқылы ғана рәсімделуі мүмкін.

4.21.5. Тапсырыс берушінің өкілі Жұмыстардың орындалуы бойынша күнделікті есептерді, сондай-ақ осы Келісім-шартқа сәйкес орындалатын Жұмыстарға қатысты кез келген өзге ақпарат пен есептерді алуға құқылы. Тапсырыс берушінің өкілі кез келген уақытта Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын бақылауға, олардың орындалуын тексеруге және Жұмыс алаңын, сондай-ақ орындалатын Жұмыстарды инспекциялауға құқылы.

4.21.6. Тапсырыс берушінің өкілі Келісім-шарт ережелеріне сәйкес Тапсырыс беруші қаражатының мақсатты және ұтымды пайдаланылуына бақылау жүргізеді.

4.21.7. Тапсырыс берушінің өкілі жобалық-сметалық құжаттамамен қамтамасыз етілуі мен оның сапасына, сондай-ақ Жұмыстардың сапасын бақылау және қабылдау мәселелері бойынша Мердігердің (Мердігер өкілінің) шағымдарын қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды немесе Тапсырыс беруші шешім қабылдауы үшін өз ұсыныстарын енгізеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.21.8. Тапсырыс берушінің өкілі Мердігер осы Келісім-шарттың талаптарын, Нормаларды және заңнаманы бұзған жағдайда Жұмыстарды тоқтата тұру мүмкіндігі туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге міндетті. Осы тармақ негізінде Жұмыстар тоқтатылған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың 8.2-тармағында көзделген жауапкершілікті көтереді.

4.22. Авторлық қадағалау және техникалық қадағалау.

4.22.1. Жұмыстарды орындауға авторлық қадағалау және/немесе техникалық қадағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Нормаларға сәйкес жүзеге асырылады.

4.22.2. Авторлық қадағалау және техникалық қадағалау жөніндегі Тапсырыс беруші өкілдерінің өз құзыреті шегіндегі талаптары Мердігер үшін міндетті болып табылады. Бұл ретте Тапсырыс берушінің техникалық қадағалау өкілі өз міндеттерін орындау кезінде Мердігердің шаруашылық қызметіне араласуға құқылы емес.

4.22.3. Авторлық қадағалау және/немесе техникалық қадағалау:

4.22.3.1. құрылыс барысында орындалған Жұмыстардың жобада көзделген шешімдерге және жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді;

4.22.3.2. технологияның сақталуын (оның ішінде құрылыс өндірісін ұйымдастыру жобаларын), құрылыс-монтаждау жұмыстарының және технологиялық әрі өзге жабдықтарды монтаждау жұмыстарының сапасын бақылайды;

4.22.3.3. кейінгі жұмыстармен жабылатын негізгі және жасырын жұмыстарды куәландыру актілерін бірлесіп ресімдеуге қатысады;

4.22.3.4. конструкциялар, бөлшектер, құрылыс материалдары мен жабдықтарға арналған сертификаттардың (паспорттардың) және өзге де техникалық құжаттаманың мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкестігін тексереді;

4.22.3.5. мемлекеттік стандарттарға, техникалық шарттарға және жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес келмейтін конструкцияларды, бұйымдарды, құрылыс материалдарын және жабдықтарды құрылыс барысында қолданбауды бақылайды.

4.23. Құрылысты тоқтату, тоқтата тұру және объектіні консервациялау.

4.23.1. Осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды тоқтату, тоқтата тұру, сондай-ақ Объектіні консервациялау осы Келісім-шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

4.23.2. Жұмыстарды 6 (алты) айдан астам мерзімге тоқтату немесе тоқтата тұру қажеттілігі туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші Объектіні консервациялауды қамтамасыз етуге міндетті.

4.23.3. Құрылысты тоқтату немесе тоқтата тұру туралы шешімді Тапсырыс беруші қабылдайды және қабылданған шешім туралы Мердігерді, сәулет-құрылыс инспекциясының тиісті органын және жергілікті атқарушы органды хабардар етеді.

4.23.4. Қажет болған жағдайда Тапсырыс беруші Объектіні консервациялау бойынша жұмыс сызбалары мен сметаны әзірлейді, ал Мердігер аталған сызбалар мен сметаларда көзделген Жұмыстарды орындайды.

4.23.5. Консервацияланған Объект және Жұмыс алаңы акт бойынша Тапсырыс берушіге немесе ол уәкілеттік берген ұйымға беріледі.

4.23.6. Объектідегі Жұмыстар қайта басталған кезде, Тапсырыс беруші консервацияланған Объект пен Жұмыс алаңын олардың жай-күйін көрсете отырып, акт бойынша Мердігерге береді. Қажет болған жағдайда конструкциялар мен жүйелердің техникалық жай-күйіне тексеру жүргізіледі. Тапсырыс беруші Жұмыстарды орындауға рұқсатты жаңартады немесе қайта алады және Мердігерге қажетті орындаушылық-техникалық құжаттаманы береді.

4.24. Техникалық және бухгалтерлік құжаттама.

4.24.1. Мердігер барлық жобалық-сметалық құжаттаманы, Жұмыстардың жинақтаушы ведомостарын және орындаушылық-техникалық құжаттаманы, бухгалтерлік кітаптар мен жазбаларды заңнамада белгіленген жалпы қабылданған қағидаттар мен стандарттарға сәйкес толық әрі дәл түрде жүргізуге міндетті.

4.24.2. Тапсырыс беруші кез келген уақытта Келісім-шарт бойынша Жұмыстардың орындалуына қатысты құжаттаманы сұратуға құқылы, ал Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша талабы алынған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде оны ұсынуға міндетті.

4.24.3. Орындаушылық-техникалық және өзге де құжаттама Тапсырыс берушіге қағаз жеткізгіштерде және сканерленген электрондық нұсқаларда ұсынылады. Тараптардың келісімі бойынша құжаттама өзге форматта ұсынылуы мүмкін.

4.24.4. Құжаттаманың электрондық нұсқалары төмендегі талаптарға сай болуы тиіс: - қағаз жеткізгіштерде ұсынылған құжаттармен мазмұны бойынша бірдей болуы; - сканерленген құжатта барлық қажетті қолдардың болуы (егер көзделсе); - сканерленген құжаттың сапасы мазмұнын еркін оқуға мүмкіндік беруі; - сапаны жоғалтпай файл көлемінің барынша ықшам болуы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.25. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер Тапсырыс берушінің тиісті талабын жіберген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушімен келісілген бағалар кестесін және/немесе сметаны (құрылыс мердігерлігі шарты бойынша, сондай-ақ баға смета жасау арқылы айқындалатын өзге жағдайларда), осы Келісім-шарттың жалпы сомасы бойынша және/немесе жұмыстарды орындау кестесін және/немесе ақша қаражатын игеру кестесін ұсынуға, сондай-ақ аталған бағалар кестесін (сметаны) және/немесе жұмыстарды орындау кестесін және/немесе ақша қаражатын игеру кестесін осы Келісім-шарттың ажырамас бөлігі ретінде қабылдау туралы Тапсырыс берушімен қосымша келісім жасасуға міндетті. Тапсырыс берушінің қалауы бойынша ол Мердігерден бағалар кестесін, сметаны, жұмыстарды орындау кестесін және ақша қаражатын игеру кестесін талап етуге құқылы. Жұмыстар Мердігер жасаған бағалар кестесіне (сметаға), жұмыстарды орындау кестесіне және ақша қаражатын игеру кестесіне сәйкес орындалатын жағдайларда, бағалар кестесі (смета) және/немесе тиісті кестелер Тапсырыс беруші оларды растаған сәттен бастап заңды күшіне енеді және Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

5.1. Мердігер:

5.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындауға;

5.1.2. Тәртіпке сәйкес сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алуды қамтамасыз етуге; Мердігердің тараптар орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне, сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден (тауар өндірушілерден) сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмесін (көшірмелерін), сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын ұйымға (ұйымдарға), тауарларды қабылдау-беру актілеріне қол қойған күнге дейін ұсынуы Мердігердің Шарттың осы тармағында көзделген міндеттемені орындауын растау болып табылады. Егер өткізілетін (өткізілген) сатып алу/Шарт талаптарымен Жұмыстардың белгілі бір көлемін қосалқы мердігерлікке беруге жол берілген жағдайда, көрсетілген міндеттеме қосалқы мердігерге де қолданылады.

5.1.3. Келісім-шарттың және оған қоса берілген қосымшалардың талаптарына сәйкес Жұмыстарды тиісінше әрі уақтылы орындауды қамтамасыз етуге;

5.1.4. Тапсырыс беруші анықтаған Жұмыстардың кемшілік терді Шарттың талаптарын сәйкес жоюға;

5.1.5. Жұмыстарды тендерлік өтінімнің құрамында мәлімделген жабдықтармен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтылыммен білікті мамандар орындауға;

5.1.6. Жұмыстарды орындау кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

5.1.7. Жұмыстарды орындау кезінде Мердігердің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкершілікті көтеруге;

5.1.8. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында Жұмыстарды орындау кезінде авариялларға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

5.1.9. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

5.1.10. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Жұмыстарды орындау орындарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

5.1.11. Қазақстандық қызметкерлер үшін тартылған шетелдік қызметкерлермен салыстырғанда тең жағдайлар мен еңбекақыны қамтамасыз етуге, оның ішінде:

5.1.11.1. Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлері арасында, Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлерге қатысты, оның ішінде еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге;

5.1.11.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған Мердігердің және оның қосалқы мердігерлерінің қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы, олардың азаматтығын көрсете отырып, ақпарат

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ұсынуға;

5.1.12. Осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде, Тәртіптің43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін жағдайларды қоспағанда, Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімі бар, Келісім-шарттың жалпы құнының 5.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге. Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады және тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады. Бұл ретте Мердігер Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған жағдайлар, Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізудің түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейінгі кезеңде, ерекшелік болып табылады. Тапсырыс беруші Мердігерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзады. Хабарламаға хат, жеделхат, телефонограмма, телетайпограмма, факс, электрондық құжат немесе электрондық хабарлама теңестіріледі. Келісім-шарт Мердігер аталған хабарламаны алған күннен бастап біржақты тәртіппен бұзылды деп есептеледі. Егер Мердігер Тәртіптің 64-бабының 5-тармағының талаптарына сәйкес сомасы 170 мың еселенген АЕК-тен асатын банктік кепілдік түріндегі Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ауыстырмаса, Тапсырыс беруші осы тармақта көзделген тәртіппен сатып алу туралы шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады. Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету банктік кепілдік түрінде енгізілген жағдайда, осы Келісім-шартқа қоса берілген қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктік кепілдікті ұсынуға міндетті. Егер банктік кепілдік белгіленген нысанға сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші банктік кепілдікті қайтарып береді және мұндай банктік кепілдік ұсынылмаған болып есептеледі.

5.1.13. Аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуге және Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуге арналған банктік кепілдіктерде төмендегі ақпарат қамтылуға тиіс: 5.1.14.1. аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз етуге арналған банктік кепілдіктің түрі; 5.1.14.2. банктің атауы; 5.1.14.3. банктік кепілдіктің (кепілдік міндеттеменің) нөмірі; 5.1.14.4. банктік кепілдіктің берілген күні; 5.1.14.5. Мердігердің атауы; 5.1.14.6. Келісім-шарттың нөмірі мен күні; 5.1.14.7. Келісім-шарттың мәні; 5.1.14.8. банктік кепілдіктің сомасы; 5.1.14.9. банктік кепілдіктің қолданылу мерзімі.

5.1.14. Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету ретінде енгізілген соманы жеткізушіге сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, ал ұзақ мерзімді шартта (тиісті жыл үшін шарттың орындалуын қамтамасыз ету көзделген жағдайда) – тиісті жыл бойынша қайтарады. Мердігер Келісім-шарттық міндеттемелерді бұзғаны көрсетіле отырып, Тапсырыс беруші Мердігерге осындай ұстап қалу туралы хабарлама жіберген күннен бастап 10 күн өткен соң Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан ұстап қалу жүргізілетінімен келіседі. Ұстап қалудан кейін қалған Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы Мердігерге Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Мердігер Келісім-шарттық міндеттемелерді бұзған жағдайда, төмендегі шарттардың барлығы бір мезгілде орындалса, Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету Тапсырыс беруші тарапынан ұстап қалынбайды және Мердігер Қордың сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің (жеткізушілерінің) тізбесіне енгізілмейді: тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) төленуі (өндіріп алынуы/ұстап қалынуы); жеткізушінің Келісім-шарттық міндеттемелерді толық орындауы; залалдың болмауы немесе оның толық өтелуі (өндіріп алынуы/ұстап қалынуы). Келісім-шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін немесе тоқтатылғанға дейін Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қатысты үшінші тұлғалардың талап ету құқығының толық немесе ішінара туындауына әкеп соғатын әрекеттерді Мердігердің жасауына жол берілмейді.

5.1.15. Орындалған жұмыстардың түпкілікті қабылдау актісімен бірге Келісім-шарт шеңберінде орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі бойынша ішкі ұлттық құндылықтың есептеуін электрондық құжат нысанында (Жүйеде ұсынылады) Тапсырыс берушіге ұсынуға;

5.1.16. Келісім-шартта көзделген орындалған Жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген нысанға сәйкес Орындалған жұмыстарды қабылдау актісі бойынша тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактураны рәсімдеуге;

5.1.17. Жұмыстар аяқталғаннан кейін объектіні пайдалануға қабылдау актісімен және/немесе жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) активтерді қабылдау-тапсыру актісімен бірге Келісім-шарттың №3 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Жұмыстардағы ішкі ұлттық құндылықтың нақты есебін Тапсырыс берушіге ұсынуға. Егер Келісім-шарт ұзақ мерзімді болып табылса (он екі айдан астам мерзімге жасалған немесе Жұмыстарды орындау келесі күнтізбелік жылға өтсе), Мердігер Келісім-шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың 20 қаңтарына дейін өткен күнтізбелік жылда орындалған Жұмыстар көлемі бойынша ішкі ұлттық құндылық үлесінің аралық нақты есебін/есебін ұсынуға міндетті;

5.1.18. Келісім-шарт шеңберінде Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлер (бірлескен орындаушылар) тартылған жағдайда, олардың қатысуын ескере отырып, орындалған Жұмыстардағы ішкі ұлттық құндылықтың есебін ұсынуды қамтамасыз етуге;

5.1.19. Жұмыстардағы ішкі ұлттық құндылық үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге;

5.1.20. Келісім-шартта және оған қоса берілген қосымшаларда көзделген барлық Жұмыстарды орындамау немесе тиісінше орындамау, оның ішінде Жұмыстарды уақтылы және сапасыз орындау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Келісім-шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші алдында жауапкершілік көтеруге;

5.1.21. Нормаларға сәйкес Жұмыстарды өндіру жобасын (ЖӨЖ) әзірлеуге және қолдануға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.22. Тендерлік құжаттамаға және тендерге қатысу өтініміне және/немесе Келісім-шартқа қосымша болып табылатын техникалық сипаттамаға сәйкес қосалқы мердігерлерді тарту көзделген жағдайда, Жұмыстарды өз күшімен, сондай-ақ қосалқы мердігерлердің күштерімен және құралдарымен (қызметкерлермен, жабдықтармен, технологиялық жабдықтармен, аспаптармен, өлшеу құралдарымен, машиналармен және механизмдермен, көлікпен, арнайы техникамен, жанар-жағармай материалдарымен және т.б.) қолданыстағы нормалар мен қағидалардың, техникалық шарттардың талаптарын сақтай отырып орындауға және Жұмыстар аяқталғаннан кейін өзінің қосалқы жабдықтарын Жұмыс алаңынан әкетуге;

5.1.23. Келісім-шартта өзгеше көзделмесе, Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) қызметкерлерін тасымалдауды, олардың тұруы мен тамақтануын, сондай-ақ техниканы мобилизациялау мен демобилизациялауды өз есебінен қамтамасыз етуге;

5.1.24. Тендерлік өтінімге сәйкес қосалқы мердігерлікке беруге рұқсат етілген көлемді қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара басқа тұлғаларға бермеуге;

5.1.25. Келісім-шарт шеңберінде Жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлер тартылған жағдайда, олар тартылған сәтте Келісім-шарт аясында жасалған барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін Тапсырыс берушіге ұсынуға. Қосалқы мердігерлердің болуы Мердігерді Келісім-шарт бойынша материалдық немесе өзге де жауапкершіліктен, оның ішінде өндірістік және еңбек тәртібін, Тапсырыс берушінің ішкі қағидаларын (ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, өткізу режимін, жатақханаларда тұру қағидаларын және т.б.) бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды;

5.1.26. Негізгі лауазымдарға тендерлік өтінімде Мердігер мамандарына қойылатын талаптарда көрсетілген қызметкерлерді қабылдауға. Мұндай тұлғаларды басқа тұлғалармен ауыстырған жағдайда, Мердігер осындай ауыстыруға Тапсырыс берушінің келісімін алуға міндетті. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі көрсетілген талаптарда аталған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс;

5.1.27. Егер Тапсырыс беруші объективті себептерді көрсете отырып, Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Жұмыстарды орындаудан шеттету туралы талап қойса, Мердігер мұндай тұлғаны 72 сағат ішінде Жұмыстарды орындаудан шеттетіп, Тапсырыс берушінің аумағынан шығарып тастауға міндетті, содан кейін бұл тұлғаның осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындауға ешқандай қатысы болмауға тиіс;

5.1.28. Келісім-шартты орындау үшін қажетті барлық пайдаланылатын материалдарды, жабдықтарды, көлік пен арнайы техниканы қолданар және пайдаланар алдында Тапсырыс берушімен келісуге;

5.1.29. Пайдаланылатын материалдардың/қосалқы бөлшектердің/жиынтықтаушы бөлшектердің, конструкциялардың және жабдықтардың сапасына толық жауапты болуға және олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде оларды өз есебінен ауыстыруға және/немесе ақауларды жоюға;

5.1.30. Келісім-шартты орындау үшін қажетті және құрылыс пен жұмыс алаңдарында орналасқан материалдардың, жабдықтардың, құралдардың, көліктің және арнайы техниканың және т.б. сақталуын өз есебінен қамтамасыз етуге;

5.1.31. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеуге;

5.1.32. Шот-фактураларды және Орындалған жұмыстар актілерін, объектіні пайдалануға қабылдау актісін, жөнделген, реконструкцияланған (жаңғыртылған) активтерді қабылдау-тапсыру актісін, сондай-ақ Объектінің меншік иесі (құқық иеленуші) туралы мәліметтерді қағаз және электрондық тасымалдағыштарда уақтылы ұсынуға;

5.1.33. Орындалатын Жұмыстардың тиімділік деңгейі Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық сипаттамада белгіленген талаптардан төмен болмауына кепілдік беруге;

5.1.34. Тапсырыс берушінің аумағында Келісім-шарттың шарттарын, өнеркәсіптік, экологиялық, санитариялық және өрт қауіпсіздігі саласындағы заңнама талаптарын, қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын, сондай-ақ еңбек қатынастары саласындағы, оның ішінде Келісім-шарттың №5 қосымшасында көзделген талаптарды сақтауға, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өндіру өнеркәсібіндегі қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі регламенттеуші құжаттарға сәйкес Жұмыстарды орындауға, Тапсырыс берушінің аумағында барлық қауіпсіздік шараларын өз есебінен қамтамасыз етуге және жоғарыда көрсетілген талаптарды сақтамау салдарынан туындайтын жауапкершілікті толық көлемде көтеруге. Аталған талаптар мен стандарттар сақталмаған жағдайда, Мердігерге Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы немесе Жұмыстардың көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп таныған Жұмыстармен шектелуі мүмкін, бұл ретте Мердігер Жұмыстарды тиісінше және/немесе уақтылы орындамағаны үшін жауапты болады;

5.1.35. Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау кезінде жол берілген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілік көтеруге, сондай-ақ Мердігердің және/немесе қосалқы мердігерлердің заңнаманы бұзуына байланысты экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларында Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салған барлық өндіріп алуларды (оның ішінде айыппұл санкцияларын) толық көлемде өтеуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық салдарды, оның ішінде табиғи ресурстарды қалпына келтіруді толық көлемде жоюға;

5.1.36. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған өз қызметкерлері үшін еңбек жағдайларының қауіпсіздігін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қамтамасыз етуге, сондай-ақ Мердігердің/қосалқы мердігердің қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауын тұрақты түрде аудит (ішкі бақылау) жүргізу арқылы қамтамасыз етуге.

5.1.37. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін талап етілетін рұқсат беру құжаттамасын (оны алу қажет болған жағдайда) алуға байланысты барлық шығыстарды көтеруге;

5.1.38. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Келісім-шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Жұмыстарды орындауға тартылатын Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) қызметкерлерінің біліктілік құрамы, пайдаланылатын көлік, арнайы техника, жабдықтар және оларға құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттары, сондай-ақ қолданылатын құрылыс және өзге де материалдар туралы ақпарат пен құжаттарды ұсынуға;

5.1.39. Тапсырыс берушімен келісілген мерзімдерде, Келісім-шарт жасалған күннен бастап, Жұмыстарды орындауға тартылатын барлық көлікті техникалық құралдармен (GPS-терминалдармен) жабдықтауға. Мердігер көлігінде орнатылатын GPS-терминалдар Тапсырыс берушінің бірыңғай GPS-мониторинг жүйесінің техникалық шарттарына сәйкес келуге тиіс (техникалық шарттар Мердігердің сұрауы бойынша Тапсырыс беруші тарапынан ұсынылады). Осы тармақтың талаптарына сәйкес келмейтін көлікке Тапсырыс берушінің кен орындарының аумағына кіруден бас тартылуы мүмкін, бұл ретте Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды тиісінше және уақтылы орындамағаны үшін жауапкершілік Мердігерге жүктеледі;

5.1.40. Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің аумағында Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындаумен байланысты емес орындарда қозғалуына (жүріп-тұруына) жол бермеуге;

5.1.41. Өз есебінен Мердігердің/қосалқы мердігердің қызметкерлеріне ауысым алдындағы медициналық тексеруді қамтамасыз етуге және Тапсырыс берушінің шарттық аумағында уақытша құрылыстарды (вахталық қалашықтарды) орналастыру кезінде қауіпсіздік талаптарын орындауға. Қауіпсіздік талаптарына: бейнебақылау жүйесінің болуы, күзеттің немесе қауіпсіздікке жауапты тұлғаның болуы жатады;

5.1.42. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімдері, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Келісім-шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеуі (төленбеуі) не расталмауы фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кету сомасын қайтарудан бас тартылса немесе салықтар қосымша есептелсе, Мердігер Тапсырыс берушіден тиісті Хабарлама алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кету сомасын, сондай-ақ барлық өзге де қосымша есептелген салықтарды, оның ішінде қаржылық санкцияларды толық көлемде Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген талап тек Мердігермен тікелей өзара қатынастармен шектелмей, сондай-ақ Мердігердің жеткізушілерімен өзара қатынастарға да қолданылады, егер олар қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, қосылған құн салығының қайтарылмауына және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге ұсынған салықтар мен қаржылық санкциялардың қосымша есептелуіне алып келген болса;

5.1.43. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімдері және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде төлем көзінен салық салудан босатуды негізсіз қолдану фактісін, яғни босату шарттарының Мердігерге қолданылмауын анықтаса, Мердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төлеуге жататын барлық салықтар мен қаржылық міндеттемелерді толық көлемде өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші аталған жағдайлардың туындау фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады;

5.1.44. Егер Мердігер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес резидент емес болып табылса және Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрмайтын мерзім шегінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметтер көрсетсе немесе Жұмыстарды орындаса, халықаралық шарттың ережелерін қолдану мақсатында мұндай резидент емес тұлға резиденттігін растайтын құжатпен бірге Тапсырыс берушіге төмендегілерді ұсынады: – резидент емес заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, резидент емес тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген құрылтай құжаттарының нотариаттық куәландырылған көшірмелерін немесе сауда тізілімінен (акционерлер тізілімінен) үзінді көшірмені не өзге де ұқсас құжатты. Егер шетелдік мемлекеттің заңнамасына сәйкес резидент еместе құрылтай құжаттары болмаса немесе сауда тізіліміне (акционерлер тізіліміне) не өзге де ұқсас тізілімге тіркелу міндеті көзделмесе, мұндай резидент емес салық агентіне төмендегілерді ұсынады: – резидент еместі құруға негіз болған, оның құқықтық (заңды) күші резидент емес тіркелген шетел мемлекетінің уәкілетті органы растаған құжат (акт) немесе резидент емес қатысушы болып табылатын шоғырландырылған топтың ұйымдастырушылық құрылымын көрсететін өзге құжат, онда топтың барлық қатысушыларының атаулары және олардың географиялық орналасқан жерлері (қатысушылар құрылған (ұйымдастырылған) мемлекеттердің (аумақтардың) атаулары), сондай-ақ шоғырландырылған топтың барлық қатысушыларының мемлекеттік және салықтық тіркеу нөмірлері көрсетілуі тиіс;

5.1.45. Ай сайын әр айдың 5 (бесінші) күніне дейін еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласында белгіленген нысан бойынша есептерді, оның ішінде барлық жазатайым оқиғалар, жол-көлік оқиғалары, сондай-ақ оқыс оқиғалар (апаттар, өрттер, жарылыстар, мұнай және мұнай өнімдерінің төгілуі, адамдардың қаза болуына, денсаулығына зиян келуіне және/немесе қоршаған ортаға зиян келуіне, мүлік пен жабдыққа материалдық залал келтіруге әкеп соққан жағдайлар) туралы ақпаратты қоса отырып, Тапсырыс берушіге ұсынуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.1.46. Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Келісім-шарттың орындалуына байланысты кез келген (дәйекті) ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Жұмыстарды орындау барысының жай-күйі туралы ақпаратты және растайтын құжаттарды (мысалы, Жұмыстарды орындау үшін материалдардың алынғанын растайтын актілердің көшірмелері және т.б.); Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) қызметкерлерінің біліктілік құрамы туралы; Жұмыстарды орындауға тартылатын көлік, арнайы техника, жабдықтар және оларға құқық белгілейтін және рұқсат беру құжаттары туралы; қолданылатын құрылыс және өзге де материалдар туралы, сондай-ақ Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін ұсынуға. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушінің жазбаша талабы алынған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде қосылған құн салығының (ҚҚС) төленуі мен декларациялануын растайтын барлық қажетті құжаттарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: 300.00 салықтық есептілік нысанын (СЕН 300.00), сондай-ақ салық органының СЕН 300.00 қабылдағаны немесе қабылдамағаны туралы хабарламаны ұсынуға міндеттенеді. Ұсынылатын ақпараттың сипаты, көлемі және нысаны (жазбаша немесе ауызша) Тапсырыс берушімен айқындалады;

5.1.47. Тиісті сұрау алынған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Жұмыстарды орындау барысы туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге, сондай-ақ орындалатын Жұмыстардың көлемі мен сапасын растайтын қажетті құжаттаманы ұсынуға;

5.1.48. Мердігер қызметкерлерінің заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды, олар қызметтік міндеттерін орындау кезінде де, оларға қатысы жоқ жағдайларда да, оның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде, белгіленген тәртіппен дәлелденіп, заңды күшіне енген сот актісімен расталған жағдайда, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтеуге. Зиянды өтеу Мердігердің қаражаты есебінен, оның ішінде Тапсырыс беруші Мердігерге барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша төлеуге тиіс сомалар есебінен жүзеге асырылады. Осы тармақтың қолданылуы Мердігер Жұмыстарға (қызметтерге) тартқан барлық қосалқы мердігерлерге де қолданылады және олар үшін осы Келісім-шарт бойынша Мердігер жауапты болады;

5.1.49. Құрылыс және жұмыс алаңын тазалауды, барлық қалдықтарды және құрылыс қоқысын жинауды, әкетуді және кәдеге жаратуды, уақытша объектілерді (құрылыстарды) құрылыс кезеңінде де, ол аяқталғаннан кейін де өз есебінен қамтамасыз етуге;

5.1.50. Тапсырыс берушінің өндірістік объектілерінде болған кезде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын, оның ішінде ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, өткізу режимін және жатақханаларда тұру қағидаларын сақтауға;

5.1.51. Жұмыстар аяқталғаннан кейін заңнама талаптарына сәйкес Объектінің қабылдауға дайын екендігі туралы Тапсырыс берушіге хабарлама жолдауға;

5.1.52. Қабылдау комиссиясының жұмысына қатысуға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аяқталған құрылыс объектісін қабылдау комиссиясына пайдалануға тапсыруға, сондай-ақ осыған байланысты барлық қажетті шығыстарды көтеруге;

5.1.53. Апаттарға, қоршаған ортаға зиян келтіруге, Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне, материалдары мен жабдықтарына залал келтіруге әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан барлық оқиғалар туралы, сондай-ақ осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды уақтылы, сапалы және толық орындамауға немесе орындауды мүмкін емес етуге алып келуі мүмкін өзге де жағдайлар және осындай жағдайлардың туындау тәуекелдері туралы Тапсырыс берушіні кез келген нысанда, оны барынша жедел хабардар етуді қамтамасыз ете отырып, дереу хабарлауға, кейіннен ақпаратты Келісім-шарттың 10-бөлімінде көзделген тәртіппен жолдауға. Осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысында және олардың үздіксіз орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Мердігер мұндай жағдайлар мен мән-жайларды реттеу үшін өзіне байланысты барлық шараларды қабылдауға міндетті;

5.1.54. Мемлекеттік қадағалау органдарымен Жұмыстарды жүргізу тәртібін, Тапсырыс беруші қызметкерлерін оқытуды, сондай-ақ жабдықты іске қосу және пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай жұмыстар Келісім-шартта көзделген болса) келісуге және кейіннен оларды Тапсырыс берушіге беруге;

5.1.55. Жұмыс жобасының және нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарының сақталуын, сондай-ақ құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасын қамтамасыз етуге;

5.1.56. Нормаларда, жобалық-сметалық құжаттамада және (немесе) Келісім-шартта белгіленген тәртіп пен құрамда жасырын жұмыстарды, жауапты конструкцияларды аралық қабылдауды куәландыруды орындауды және оны құжаттауды қамтамасыз етуге.

5.1.57. Тапсырыс берушінің өкілдеріне, техникалық мамандарына және сарапшыларына Мердігердің жабдықтарына еркін қол жеткізу құқығын беруге, сондай-ақ осы Келісім-шарттың ережелеріне және құрылыс саласындағы еңбек қауіпсіздігі нормаларына сәйкес Тапсырыс берушінің өкілдері мен техникалық мамандарының тиімді әрі қауіпсіз қызметін қамтамасыз ету үшін өзінде бар барлық шараларды қабылдауға.

5.1.58. Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес нысандар мен мерзімдерде күн сайын тәуліктік жиынтықты, конъюнктуралық шолуды, есептерді және өзге де ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ ай сайын есепті айдың 20-сынан кешіктірмей Тапсырыс берушіге есепті айда Жұмыстардың күтілетін орындалуы туралы шынайы есеп беруге міндеттенеді. Мердігердің мұндай деректерді ұсынудан бас тартуы осы Келісім-шарт талаптарын бұзу болып табылады және Тапсырыс беруші тарапынан Келісім-шартты біржақты мерзімінен бұрын бұзуға негіз болады.

5.1.59. Көлік құралдарының, арнайы техниканың және қызметкерлердің Тапсырыс берушінің шарттық/шарттан тыс аумағына кіруі/шығуы, сондай-ақ аумақта қозғалуына/болуына байланысты, Тапсырыс берушіге және/немесе оның өкілдеріне (Корпоративтік қауіпсіздік қызметі, мобильді және/немесе стационарлық топтар/күзет қызметтері) Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

құжаттарына сәйкес рәсімделген қозғалысқа арналған рұқсатнама(лар)ды ұсынуға, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғалардың талап етуі бойынша Тапсырыс берушінің және/немесе оның өкілдерінің Мердігердің көлік құралдары мен арнайы техникасын, оның ішінде тиісті құжаттарын толық тексеру жүргізу құқығын қамтамасыз етуге. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні шарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге жібермеуге, сондай-ақ аумақтан шығарып жіберуге немесе Тапсырыс берушінің шарттық аумағында құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы.

5.1.60. Орындалған жұмыстар актісімен бірге қалдықтарды кәдеге жаратуды растайтын дезактивациялау актісін және кәдеге жарату актісін, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер бойынша нотариаттық куәландырылған салық декларацияларының көшірмелерін ұсынуға (егер Келісім-шартта қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша жұмыстар көзделсе).

5.1.61. Жұмыстарды орындау кезеңінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, Мердігердің экологиялық рұқсаты шегінде, Жұмыстар нәтижесінде пайда болған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдерді уақтылы төлеуді жүзеге асыруға (егер Келісім-шартта қалдықтарды/радиоактивті қалдықтарды кәдеге жарату бойынша жұмыстар көзделсе).

5.1.62. Келісім-шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға.

5.1.63. Осы Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайын Келісім-шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер туралы, олардың атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және Мердігермен үлестестігі белгілерінің бар-жоғын көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ақпарат ұсынуға. Тапсырыс беруші түпкі бенефициардың оффшорлық аймақтарда тіркелуіне қатысты тексеру жүргізу құқығын өзінде қалдырады.

5.1.64. Ұзақ мерзімді Келісім-шарт жасалған жағдайда (он екі айдан астам мерзімге), Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау басталған күннен бастап бір ай ішінде Мердігер өз есебінен Жұмыстарды орындауға тартылған Мердігердің/қосалқы мердігер(лер)дің басшылары мен инженерлік-техникалық қызметкерлерін «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсы бойынша оқытуды ұйымдастыруға міндетті.

5.1.65. Әлеуметтік жағдайдың тұрақтылығын сақтау және (немесе) қалпына келтіру шараларын қабылдау шеңберінде, Тәртіптің 65-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес Келісім-шартқа өзгерістер енгізілген кезде, Келісім-шартты орындауға тартылған Мердігер қызметкерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдау шығыстарын тиісті түрде ұлғайтуды жүзеге асыруға. Осы міндеттеменің орындалуын растау ретінде Мердігер есепті тоқсаннан кейінгі айдың 26-сына дейін тиісті қызметкерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналары аударылғанын растайтын Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алынған үзінді көшірмелерді, сондай-ақ қызметкерлерге әлеуметтік қолдау шығыстарының ұлғайғанын растайтын ақпарат пен құжаттарды ұсынады.

5.1.66. Келісім-шартта тікелей көрсетілмеген, бірақ Келісім-шарт бойынша Жұмыстарды орындау шарттарынан туындайтын өзге де міндеттерді атқаруға.

5.1.67. Тапсырыс берушіге берілетін Жұмыстар нәтижелерінің сапасын қамтамасыз етуге; Келісім-шартта көзделген Жұмыстарды уақтылы және сапалы, төмендегілерді сақтай отырып орындауға: 1) қолданылатын құқық талаптарын, оның ішінде экологиялық заңнаманы және Келісім-шарт талаптарын (Келісім-шарттың 5.1.1-тармағында көрсетілгендей); 2) санитариялық-эпидемиологиялық, мемлекеттік экологиялық және (немесе) өзге де сараптамалар қорытындыларының, сондай-ақ Тапсырыс берушінің атына берілген қоршаған ортаға әсер етуге экологиялық рұқсаттың (эмиссия нормативтері, әрбір ластау көздері бойынша, жұмыс мерзімдері және т.б.) және/немесе Мердігердің талаптарын. Осы Келісім-шартта (оның ішінде Тапсырыс берушінің техникалық тапсырмасында) өзгеше көзделмесе, Жұмыстарды өз күшімен, өз материалдарымен және құралдарымен (қызметкерлермен, жабдықтармен, технологиялық жабдықтармен, машиналармен және механизмдермен, арнайы техникамен және т.б., аспаптармен, құралдармен, жанар-жағармай материалдарымен және т.б.) орындауға. Мердігердің сұрауы бойынша және объективті (техникалық және өзге) мүмкіндік болған жағдайда, Тапсырыс беруші (ақылы негізде) Жұмыстарды орындау үшін қажетті ресурстар мен қызметтерді ұсынады, олардың шекті тізбесі, мазмұны, құны және төлеу тәртібі Келісім-шартқа қоса берілетін «Тапсырыс берушінің қатысу шарттары мен тәртібі» қосымшасында көрсетіледі.

5.1.68. Қаражанбас кен орнында электр желісіне қосылу үшін (вахталық вагондар, электр қондырғылары, электр жабдықтары және т.б.) Мердігер Жұмыстар басталғанға дейін, оларды уақтылы орындау үшін қажетті мерзімдерде: - энергиямен жабдықтаушы ұйыммен шартты дербес жасасуға; - Тапсырыс берушінің аумағында Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу мақсатында Тапсырыс берушіден техникалық шарттарды алуға, сондай-ақ Мердігер қосатын барлық электрҚ электр қондырғыларының Қазақстан Республикасында қолданыстағы Тұтынушылардың электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидалары мен Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік қағидаларының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге.

5.1.69. Жұмыстарды орындау кезінде Тапсырыс берушінің қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптарын, оның ішінде Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген талаптарды, сондай-ақ Келісім-шартқа қоса берілген «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған орта саласындағы мердігерлік ұйымдарға қойылатын талаптар, бұзушылықтар үшін айыппұлдар мөлшері» қосымшасының талаптарын (оның ішінде техникалық қажеттіліктер үшін ашық су көздерінен су алуға тыйым салуды), сондай-ақ «ҚМГ» АҚ объектілерінде немесе «ҚМГ» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидалары туралы қосымшаның міндеттемелерін сақтауға. Аталған талаптар, шарттар мен стандарттар сақталмаған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жағдайда, Мердігерге Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс істеуге тыйым салынуы немесе Жұмыстар көлемі Тапсырыс беруші мүмкін деп таныған Жұмыстармен ғана шектелуі мүмкін. Бұл ретте Мердігер Келісім-шарт талаптарына сәйкес міндеттемелерді уақтылы және толық орындамағаны үшін жауапты болады.

5.1.70. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Мердігердің Жұмыстарды орындау процесін тоқтата тұруына тыйым салынады.

5.1.71. Жұмыстарды орындауға тартылған қызметкерлердің қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Мердігер өз ұйымының бірінші басшысының осындай жағдайларға байланысты барлық мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

5.1.72. Мердігер еңбек жанжалдары туындаған кезеңде Жұмыстардың толық тоқтатылуын болдырмайтындай етіп қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Мердігер Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша қызметкерлерді немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті.

5.1.73. Мердігер ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары кезінде іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, оны Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ Жұмыстарды орындаудағы кідірістерді барынша болдырмау мақсатында қызметкерлерді аталған жағдайларды реттеу шараларына уақтылы оқытуға міндетті.

5.1.74. Өз күшімен реттеу мүмкін емес еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Мердігер оларды барынша жедел шешу үшін өз есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті, бұл ретте мұндай әрекеттерді алдын ала Тапсырыс берушімен келісуге тиіс.

5.1.75. Жұмыстарды тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандармен, жабдықтармен, техникалармен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен және бағдарламалық қамтамасыз етумен орындауға. Бұл ретте Мердігер Тапсырыс берушінің келісімі бойынша тендерлік өтінімде мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техникаларды (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды және бағдарламалық қамтамасыз етуді тең мәнді (баламалы) нұсқаларға ауыстыруға құқылы.

5.1.76. Мердігер Тапсырыс берушіге қолданылатын салық режимін растайтын құжатты (мемлекеттік кірістер органдары берген хабарлама) ұсынуға міндетті.

5.1.77. Мердігер салық режимінің өзгергенін растайтын құжатты (мемлекеттік кірістер органдары берген хабарлама) Тапсырыс берушіге дереу ұсынуға міндетті.

5.1.78. Салық режимі және/немесе оның өзгеруі туралы құжаттарды ұсынбаған, уақтылы ұсынбаған не жалған ақпарат ұсынған жағдайда, Мердігер қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапкершілік көтереді және Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, қосымша есептелген салықтарды, өсімпұлдар мен айыппұлдарды өтеуге міндеттенеді.

5.1.79. Тендерлік құжаттамада ең төменгі жалақының ең төменгі шегі (шектері) белгіленген жағдайда, тендерлік өтінімде көрсетілген қызметкерлерге Келісім-шарттың бүкіл қолданылу мерзімі бойына тиісті жалақыны белгілеуге міндетті. Осы тармақта көзделген міндеттеменің орындалуын растау ретінде Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қызметкерлер бойынша аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан алынған үзінді көшірмелерді тоқсан сайын ұсынады.

5.2. Мердігер:

5.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

5.2.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және Орындалған жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап ету.

5.2.3. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

5.2.4. Тапсырыс берушімен келісу арқылы тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнді мамандарға ауыстыруға.

5.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

5.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Мердігер көрсеткен қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) жиынтығында ¼-ден аспайтын Жұмыстар (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемін (құнын) қосалқы орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) ұсынуға;

5.2.7. Жұмыстарды орындауды бастағанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.2.8. Келісім-шартта аванс (алдын ала төлем) және/немесе Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз ету көзделген жағдайда, аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді және/немесе енгізілген Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды Тапсырыс берушіден талап етуге.

5.2.9. Бірлік құны өзгермеген жағдайда, жедел шешім қабылдауды талап ететін объектіні салу барысында Жұмыстарды орындаудың техникалық жобаға қарағанда анағұрлым сапалы, прогрессивті тәсілдерін Тапсырыс берушінің келісуіне ұсынуға. Мұндай ұсыныстар Тапсырыс берушінің және Жоба авторының жазбаша келісімі болған жағдайда ғана қолданылады.

5.3. Тапсырыс беруші:

5.3.1. Орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

5.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Орындалған жұмыстар актісіне Мердігерден Жұмыстарды орындау актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

5.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

5.3.4. Мердігерден жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Мердігердің өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқаты саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

5.3.5. Мердігер Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Мердігерге қайтаруға.

5.3.6. Мердігер Келісім-шарт бойынша аванс (алдын ала төлем) сомасы шегінде өз міндеттемелерін толық әрі тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде аванстық (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді Мердігерге қайтаруға. 5.3.7. Орындалған Жұмыстарда кемшіліктер болған жағдайда, оларды жою мерзімін көрсете отырып, кемшіліктер тізбесін Мердігерге жолдауға. 5.3.8. Орындалатын Жұмыстардың көлемінің, құнының және сапасының нормативтік құжаттар талаптарына сәйкестігіне бақылау мен техникалық қадағалауды жүзеге асыруға. 5.3.9. Осы Келісім-шарттың қолданылу мерзімі ішінде Мердігерге Жұмыстарды орындау үшін бөлінген Жұмыс алаңын пайдалануға рұқсат беруге. 5.3.10. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, меншік құқығындағы немесе жер пайдалану құқығындағы жер учаскесінде Жұмыстарды орындауға Рұқсатты алуға. 5.3.11. Объектіге қатысты белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттаманы Мердігерге ұсынуға. 5.3.12. Құрылысы аяқталған Объектіні қабылдау комиссиясына пайдалануға қабылдау үшін ұсынуды қамтамасыз етуге. 5.3.13. Құрылысы аяқталған Объектіні Мердігерден қабылдауға. 5.3.14. Келісім-шарт бойынша Жұмыстардың тиісінше орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Мердігерге жәрдем көрсетуге. 5.3.15. Жұмыстардың орындалуына заңнамада белгіленген тәртіппен Авторлық және Техникалық қадағалауды қамтамасыз етуге. 5.3.16. Тапсырыс берушінің аумағында орындалатын Жұмыстар нәтижесінде пайда болған қоршаған ортаға эмиссиялар үшін экологиялық төлемдерді (салықтарды) өзінің экологиялық рұқсаты шегінде төлеуге).

5.4. Тапсырыс беруші:

5.4.1. Мердігерден қойылған өсімпұлдың, айыппұлдың және заладың сомасына төлем жүргізуді талап етуге;

5.4.2. Шарттың құнын тиісінше азайта отырып, Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың нақты бір көлемін қабылдаудан бас тартуға;

5.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

5.4.4. Кез келген уақытта Мердігердің қызметіне араласпай, Мердігер орындайтын Жұмыстардың барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

5.4.5. Мердігерден Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

5.4.6. Тапсырыс беруші Мердігердің Жұмыстардағы елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

5.4.7. Осы Келісім-шартта және оған қоса берілген қосымшаларда көзделген Жұмыстардың уақтылы әрі сапалы орындалуын талап етуге. 5.4.8. Жұмыстарды орындау барысында немесе олар аяқталғаннан кейін анықталған кемшіліктерді жоюды талап етуге. 5.4.9. Кемшіліктерді жою жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Жұмыстардың (немесе олардың бір бөлігінің) аяқталғаны немесе тоқтатылғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға. 5.4.10. Кез келген уақытта өз күшімен немесе үшінші тұлғаларды тарта

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

отырып, Жұмыстардың барысын және сапасын, Келісім-шарт талаптарының сақталуын, орындау мерзімдерін, материалдар мен жабдықтардың бар-жоғын және сапасын, автокөлік пен арнайы техниканың болуын, Мердігердің (қосалқы мердігерлердің) мамандарының біліктілігін тексеруге, бұл ретте Мердігер тиісті қолжетімділікті қамтамасыз етуге міндетті. Тапсырыс беруші анықтаған сәйкессіздіктер мен бұзушылықтар Тараптар қол қоятын тиісті актіде көрсетіледі (Мердігердің актіге қол қоюдан бас тартуы Келісім-шартта көзделген шараларды қолданбауға негіз болып табылмайды). Мұндай сәйкессіздіктер жойылғанға дейін Мердігерге (қосалқы мердігерге) өндірістік объектілерге кіруге тыйым салынуы мүмкін. 5.4.11. Жұмыстарды тоқтата тұру, тоқтату және Объектіні консервациялау туралы шешім қабылдауға. 5.4.12. Мердігердің келісімінсіз Жұмыстардың жекелеген кезеңдері мен түрлерінің тиісінше және сапалы орындалуын бақылау үшін техникалық мамандарды, сарапшыларды қосымша тартуға. Тапсырыс берушінің техникалық мамандары технологиялардың сақталуын, қолданылатын жабдықтар мен материалдардың жобалық-сметалық құжаттама талаптарына сәйкестігін жеке жұмыстарды орындау кезінде де, олардың нәтижелерін тексеру барысында да бақылауға құқылы. 5.4.13. Осы Келісім-шарт бойынша төлемдер сомалары туралы, оның ішінде Мердігердің атауы, шот нөмірі және төлем мақсаты көрсетілген банк үзінді көшірмесін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына ұсынуға. 5.4.14. Осы Келісім-шарт бойынша кез келген ақпаратты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның сұрауы бойынша ұсынуға. 5.4.15. Келісім-шарттың орындалуына байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Мердігердің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін Мердігерден сұратуға. 5.4.16. Мердігермен келісу арқылы Жұмыстарды орындау үшін пайдаланылатын қолда бар материалдар мен өзге де мүлікті өзара есеп айырысу есебіне беруге. 5.4.17. Егер Тапсырыс берушіде Жұмыстарға деген қажеттілікті азайту қажеттілігі туындаса, оның ішінде мұнай бағасының конъюнктурасы төмендеген жағдайда да, Тапсырыс беруші өзіне мынадай құқықтарды қалдырады: 5.4.17.1. Осы Келісім-шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта, осы Келісім-шарттың 9.3-тармағына сәйкес, Келісім-шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Мердігерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға; 5.4.17.2. Қосымша келісім жасасу арқылы Жұмыстарға деген қажеттілікті азайтуға. Бұл ретте, Келісім-шарттың 5.4.17.1 және 5.4.17.2-тармақтарында көзделген жағдайларда, Тапсырыс беруші Мердігерге нақты орындалған Жұмыстардың іс жүзіндегі көлемі үшін ғана ақы төлейді. 5.4.18. Келісім-шарттың талаптарына сәйкес, Тапсырыс берушінің аумағында (шарттық/шарттан тыс), кез келген уақытта және кез келген орында/объектіде барлық көлік құралдарын және арнайы техниканы тиісті құжаттарымен бірге (Қазақстан Республикасында тіркелген көлік құралының тіркеу куәлігі, жүргізуші куәлігі, маршруттық парақ, тауар-көліктік жүккұжат, тауарлық-материалдық құндылықтарды қабылдау-тапсыру актісі және т.б.) тексеруге және қарап-тексеруге құқылы. Жүргізуші жоғарыда көрсетілген талаптарды орындаудан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші және/немесе оның өкілдері көлік құралын, арнайы техниканы және жүргізушіні шарттық аумаққа немесе күзетілетін объектіге кіргізбеуге, сондай-ақ аумақтан шығарып жіберуге не Тапсырыс берушінің шарттық аумағында құқық бұзушылық немесе қылмыс анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының өкілдерін шақыруға құқылы. 5.4.19. Мердігерден өндірістік қуаттардың, активтердің бар екенін және қаржылық тұрақтылықты растайтын өзге де құжаттардың болуын растауды сұратуға, сондай-ақ Мердігерге қатысты көшпелі тексерулер (обследования) жүргізуге.

5.5. Тапсырыс беруші мен Мердігер, сондай-ақ олардың қосалқы мердігерлері, қызметкерлері, агенттері және қызметшілері Қазақстан Республикасының Салық кодексінің және өздеріне қолданылатын өзге де нормалардың талаптарын сақтауға, оның ішінде есептілікті жасау және ұсыну, сондай-ақ барлық салықтарды, баждарды және өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауға жауапты болады. 5.6. Әрбір Тарап заңнамада өзіне жүктелген салықтарды және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді дербес төлеуге міндетті. 5.7. Осы Келісім-шарттың әрбір Тарапы қарсы Тарапты бюджетке салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді төлемеуге немесе уақтылы төлемеуге байланысты кез келген талаптар мен талап-арыздардан, оның ішінде тиісті мемлекеттік орган кінәлі Тараптан өндіріп алуы мүмкін айыппұлдар мен пайыздық төлемдерден босатады және олардан қорғайды. 5.8. Мердігер заңнама талаптарын және Тапсырыс берушінің ішкі құжаттарын сақтамауына байланысты, оның ішінде салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді төлеу мәселелері, ҚҚС декларациясына қосымшаларда мәліметтерді уақтылы көрсетпеу, сондай-ақ еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы талаптарды бұзу салдарынан туындаған мемлекеттік органдардың/уәкілетті тұлғалардың, сондай-ақ өзге де заңды және жеке тұлғалардың талап-арыздарына, сот істеріне, айыппұлдарға, әкімшілік немесе сот талаптарына байланысты Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстар мен залалдарды толық көлемде өтеуге міндетті. 5.9. Мердігер тиісті салықтарды және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді уақтылы және дұрыс есептеуге, оларды уақтылы төлеуге, сондай-ақ салық есептілігін дұрыс ресімдеуге және уақтылы салық органына ұсынуға міндетті. Мердігер Тапсырыс берушіге, егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімдері, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде Келісім-шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеуі (төленбеуі) немесе расталмауы фактілерін анықтаса, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кету сомасын қайтарудан бас тартылса не салықтар мен өзге де міндетті төлемдер қосымша есептелсе, Тапсырыс берушіге: қосымша есептелген барлық төлемдер сомаларын, оның ішінде салықтарды, өсімпұлдарды және өзге де төлемдерді; сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС сомасы мөлшерінде біржолғы тұрақсыздық айыбын Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде толық көлемде өтеуге міндеттенеді. Осы тармақ бойынша Мердігер өз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де, сондай-ақ Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған қосалқы мердігерлердің (қосалқы жеткізушілердің), қызметкерлердің, агенттердің және қызметшілердің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де толық жауапты болады, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, қосылған құн салығының қайтарылмауына және мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге салықтар мен қаржылық санкциялар қосымша есептеуіне алып келген болса.

6. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

6.1. Мердігер орындаған Жұмыстарды тапсыру және оларды Тапсырыс берушінің қабылдауы екі Тарап қол қоятын Орындалған жұмыстар актісімен рәсімделеді. 6.2. Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды осы Келісім-шарттың №1 қосымшасына және Келісім-шарттың өзге де талаптарына сәйкес тексереді. 6.3. Мердігер Жұмыстарды толық көлемде аяқтағаннан кейін немесе Жұмыстардың

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жекелеген бөліктерін орындау аяқталғаннан кейін (егер №1 қосымшада аралық төлемдер көзделсе) 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей Тапсырыс берушіге қол қою үшін (Мердігер тарапынан қол қойылған екі данада) Орындалған жұмыстар актісін, сондай-ақ орындаушылық құжаттаманы ұсынады және тапсырады, оның ішінде: - есептер, - Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қол қойылған Жұмыстар объектісін пайдалануға қабылдау актісі (орындалған (құрылыс-монтаждау) жұмыстардың қорытынды актісіне қосымша ретінде), - және (немесе) өзге де құжаттар. Жұмыстарды толық көлемде аяқтағанға дейін аралық қабылдау жүргізілген жағдайда, Тараптар Жұмыстарды орындаудың жекелеген кезеңдерін аралық орындалған жұмыстар актілеріне қол қою арқылы тапсырады және қабылдайды. Аралық орындалған жұмыстар актілері Жұмыстар толық көлемде аяқталғаннан кейін қол қойылатын Орындалған жұмыстар актісіне (қорытынды немесе түпкілікті актіге) қол қою үшін көзделген сол тәртіппен және мерзімдерде Тараптармен қол қойылады. Егер №1 қосымшада аралық төлемдер және тиісінше Жұмыстарды бөліп қабылдау көзделсе, Жұмыстардың жекелеген кезеңдерін орындау мерзімдері Жұмыстарды орындау кестесінде көрсетіледі. Егер Келісім-шарт жобалық-сметалық құжаттаманы (оның ішінде жобалау-іздестіру жұмыстарын), техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеуге жасалса: Жұмыстарды орындаудың аралық кезеңінің нәтижесі – Жобаны Тапсырыс берушінің келісуі; Жұмыстарды орындаудың қорытынды кезеңінің нәтижесі – Жоба бойынша мемлекеттік, салалық және/немесе кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын Тапсырыс берушінің алуы болып табылады. 6.4. Тапсырыс беруші Мердігерден Орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде орындалған Жұмыстардың нәтижелерін (оның ішінде Орындалған жұмыстар актісін және орындаушылық құжаттаманы) қарайды және тексереді. Бұл ретте, егер Келісім-шарт электрондық құжат нысанында жасалса, Орындалған жұмыстар актісі Тапсырыс берушіге сатып алу веб-порталы арқылы электрондық көшірмелер түрінде жолданады. 6.5. Жұмыстар бойынша ескертулер болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қояды және оны Мердігерге жібереді. Жұмыстарды қабылдау кезінде Жұмыстарда кемшіліктер немесе Келісім-шарттан ауытқулар анықталып, олар Жұмыстардың сапасын нашарлатқан жағдайда, Тапсырыс беруші осы Келісім-шарттың 6.4-тармағында белгіленген мерзім шегінде бұл туралы Мердігерге жазбаша түрде дереу хабарлайды және өз таңдауы бойынша: 1) Жұмыстар нәтижелерін қабылдаудан және оларды төлеуден бас тартуға (оның ішінде Жұмыстар нәтижелерін мақсатына сәйкес пайдалануға мүмкіндік бермейтін және Мердігердің, Тапсырыс берушінің немесе өзге тұлғаның күшімен жоюға болмайтын кемшіліктер анықталған жағдайда), ал егер Жұмыстар төленген болса — төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге және алуға, сондай-ақ залалдарды өтеуді талап етуге және алуға құқылы. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші актіге қол қоюдан бас тартқан кезде (Тапсырыс беруші тиісті талап қойған жағдайда) Тараптар қажетті түзетулердің тізбесі мен оларды орындау мерзімдері көрсетілген екіжақты акт жасайды (осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің Келісім-шартты орындаудан бас тарту жағдайларын қоспағанда). 2) Жұмыстар нәтижелерін қабылдай отырып, өз қалауы бойынша Мердігерден: - орындалған Жұмыстар үшін сыйақыны тиісінше азайтуды; - Жұмыстар нәтижесіне кемшіліктерді Мердігердің өтеусіз түзетуін; - Жұмыстарды қайта орындауды талап етуге. Бұл жағдайда, егер Жұмыстардың сипаты мүмкіндік берсе, Тапсырыс беруші бұрын өзіне берілген Жұмыстар нәтижелерін Мердігерге қайтарады. Қайта орындалған Жұмыстарды тапсыру және қабылдау осы Келісім-шартта Орындалған жұмыстар актісіне қол қою үшін көзделген тәртіпке ұқсас түрде, қайта орындалған жұмыстар актісіне Тараптар қол қою арқылы жүзеге асырылады; - кемшіліктерді өз күшімен немесе үшінші тұлғалардың күшімен жоюға жұмсалған шығыстарды өтеуді, оның ішінде жобаны тұтастай немесе оның жекелеген бөлімдерін (бөліктерін) түзетуге (қайта өңдеуге), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жаңа кешенді ведомстводан тыс (салалық) сараптамаға материалдарды қайта ұсынуға байланысты Тапсырыс беруші шеккен шығыстарды (оның ішінде Жоба бойынша жаңа кешенді ведомстводан тыс сараптаманың құнын) өтеуді талап етуге. Бұл ретте Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 6.6-тармағына сәйкес белгіленетін мерзімдер шегінде анықталған кемшіліктерді жою бойынша шығыстарды жабу үшін Мердігерге төленуге тиіс сыйақының бір бөлігін ұстап қалуға құқылы. Жұмыстарды қабылдау кезінде анықталған кемшіліктер (әдеттегі қабылдау тәсілімен анықталуы мүмкін болмаған кемшіліктерді қоспағанда) Орындалған жұмыстар актісінде немесе қабылдауды куәландыратын өзге құжатта Тараптармен көрсетіледі немесе оларды кейіннен жою туралы талап қою мүмкіндігі айқындалады. 6.6. Осы Келісім-шарттың 6.5-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптар Жұмыстарды қабылдау кезінде кемшіліктер анықталған жағдайда да, сондай-ақ олар кейіннен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мерзімдер (кепілдік және (немесе) өзге мерзімдер) ішінде анықталған жағдайда да Тапсырыс беруші тарапынан қойылуы мүмкін. 6.7. Егер заңнамада көзделген жағдайларда тиісті мемлекеттік органдардың алдын ала бекітуін немесе келісуін (аттестаттауды, рұқсатты, тіркеуді, допускты) алмай тұрып орындалған Жұмыстардың нәтижелерін пайдалануға жол берілмесе, Мердігер Тапсырыс берушінің мүдделерін қорғау және осындай бекіту/келісуді алу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті. 6.8. Егер осы Келісім-шарт бойынша қажетті бекітуге/келісуге (құзыретті органдардан және/немесе ұйымдардан) Мердігердің қол жеткізуі мүмкін болмаса, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді алдын ала хабардар ете отырып (Келісім-шарттың мәні жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу болып табылатын жағдайларды қоспағанда), мұндай бекітуді/келісуді орындау үшін Мердігердің есебінен үшінші тұлғаны таңдауға және тартуға құқылы.

7. Кепілдіктер және Сапа

7.1. Орындалған барлық Жұмыстардың сапасы Келісім-шартқа қоса берілген қосымшаларда көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік құжаттардың (ГОСТ, СТ РК, ТУ, ОСТ, техникалық регламенттер және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуге тиіс. 7.2. Заңнамада немесе Келісім-шартта (Келісім-шарттың №2 қосымшасында) Мердігердің Тапсырыс берушіге Жұмыстардың сапасына кепілдік беруі көзделуі мүмкін. Осы жағдайда сапа кепілдіктері Жұмыстар нәтижесін құрайтын барлық элементтерге қолданылады. 7.3. Аяқталған объектіні пайдалану барысында жасырын кемшіліктер немесе ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 630-бабында көзделген жалпы мерзімдер шегінде және Келісім-шарттың 7.2-тармағында көзделген кепілдік мерзімі ішінде өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 635-бабында көзделген құқықтардың бірін жүзеге асыруға не Мердігерден Жұмыстарды өтеусіз қайта орындауды немесе кемшіліктерді өз күшімен жоюға жұмсаған Тапсырыс берушінің шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы. 7.4. Мердігер пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалық сипаттамаларға, мемлекеттік стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкестігіне, сондай-ақ олардың сапасын растайтын сертификаттармен, техникалық паспорттармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етілуіне кепілдік береді. 7.5. Мердігер орындалатын Жұмыстарға қатысты барлық рұқсат беру құжаттарының, оның ішінде рұқсаттардың, лицензиялардың, орнатылатын қосалқы бөлшектер

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

мен тораптарға арналған сертификаттардың бар екеніне кепілдік береді. 7.6. Келісім-шарт талаптарынан ауытқулардың немесе өзге де кемшіліктердің анықталуы Мердігерді Келісім-шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні Жұмыстардың мерзімдеріне, көлемдеріне және сапасына қатысты талаптарды кейіннен қою құқығынан айырмайды. 7.7. Мердігер осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстар нәтижелеріне айрықша құқықтардың үшінші тұлғаларға берілмейтініне Тапсырыс берушіге кепілдік береді. Жұмыстар нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты үшінші тұлғалар тарапынан Тапсырыс берушіге талаптар қойылған жағдайда, осы кепілдіктердің шарттары бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіге осыған байланысты барлық залалдарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Мердігер:

8.2.1. Мердігер сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алу веб-порталында ұсынылған коммерциялық ұсыныстар негізінде сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Мердігер оны мердігер төлеуі керек немесе Тапсырыс беруші Мердігер төлеуі тиіс немесе тараптар Орындалған жұмыстардың түпкілікті актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін сатып алу туралы шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі жауапкершілікті көтереді.

8.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың жалпы сомасының (орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан) 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

8.2.3. Мердігер Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Мердігер әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарттың сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

8.2.4. Келісім-шартта келісілген Жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер әрбір кешіктірілген күн үшін уақтылы орындалмаған Жұмыстардың құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ ол Келісім-шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8.2.5. Жұмыстар бойынша ескертулерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Мердігер әрбір кешіктірілген күн үшін кемшіліктерді жою мерзімі бұзылған Жұмыстардың құнының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ ол Келісім-шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8.2.6. Мердігер (Жұмыстарды орындау мерзімін кешіктіру жағдайларын қоспағанда) Тапсырыс берушінің талабы бойынша, осы Келісім-шарт бойынша Мердігердің міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауының әрбір жағдайы үшін (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін қоса алғанда) орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған Жұмыстардың жалпы құнының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.2.7. Мердігердің, сондай-ақ оның қосалқы мердігерлерінің Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қызметкерлері мен шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлері арасында еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі міндеттемелерін орындамау жағдайында, Мердігер тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген 2000 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұлды Тапсырыс берушіге төлейді.

8.2.8. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер (Жұмыстарды орындау мерзімдерін кешіктіру жағдайларын қоспағанда) төмендегі мөлшерлерде айыппұл төлеуге міндетті: 1) Келісім-шартқа қоса берілген «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау талаптары. Бұзушылықтар үшін айыппұл мөлшерлері» қосымшасында көзделген мөлшерде — Мердігердің Келісім-шарттың қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бөлігіндегі талаптарын, оның ішінде аталған Қосымшада белгіленген талаптарды орындамауы және (немесе) тиісінше орындамауының әрбір жағдайы үшін, 2) Келісім-шарттың жалпы құнының 10 % мөлшерінде: (і) Келісім-шартқа қоса берілген ««Қаражанбасмұнай» АҚ объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидалары» қосымшасының 2 және 3-бөлімдерінің талаптарын бұзу жағдайларында; сондай-ақ (іі) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларына жатпайтын өзге де бұзушылықтар жағдайларында. Бұл ретте, Мердігер көрсетілген айыппұлдардан тыс, Тапсырыс берушінің келтірілген залалдарын толық көлемде өтеуге міндетті.

8.2.9. Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 9.3. т. 2) тт. сәйкес Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың 8.2.6-тармағында көзделген айыппұлды Тапсырыс берушіге төлеуге міндетті;

8.2.10. Келісім-шарт талаптарына сәйкес осы Келісім-шартты орындауға тартылған қызметкерлерге жалақы белгілеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Аталған айыппұл Мердігер тарапынан төленуге тиіс немесе Тапсырыс беруші тарапынан Тараптар орындалған жұмыстарды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (қорытынды) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалынуы мүмкін;

8.2.11. Келісім-шарт талаптарына сәйкес осы Келісім-шартты орындауға тартылған Мердігер қызметкерлерінің жалақысын және әлеуметтік қолдау шығыстарын ұлғайту жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Мердігер Келісім-шарттың жалпы құнының кемінде 10 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Аталған айыппұл Мердігер тарапынан төленуге тиіс немесе Тапсырыс беруші тарапынан Тараптар орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (қорытынды) актіге қол қойғанға дейін ұстап қалынуы мүмкін;

8.2.12. Осы Келісім-шарт бойынша Тапсырыс беруші төлем жасаған жағдайда және Мердігердің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындамауы немесе тиісінше орындамауы және (немесе) Келісім-шарттың тоқтатылуы (оның ішінде бұзылуы арқылы) жағдайында, Мердігер Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың белгіленген мерзіміне 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда бұл туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуге және Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша, қабылдау актілерімен (жұмыстар/қызметтер/тауарлар) расталмаған алынған ақшалай қаражатты талап жіберілген күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушінің талабымен Тапсырыс берушінің ақшалай қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтарылуға жататын соманың әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ ол Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс;

8.2.13. Мердігер Күнтізбелік кестені бұзған жағдайда, Тапсырыс берушіге тиісті есепті ай бойынша Күнтізбелік кестеде белгіленген орындалмаған Жұмыстар көлемі сомасының 5 % мөлшерінде айыппұл төлейді;

8.2.14. Жұмыстарды орындау кезінде құрылыс технологиясын бұзғаны үшін, нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген нормаларды бұза отырып техникалық құжаттаманы жүргізгені үшін, өндірістік (арнаулы) журналдарды, жасырын және аралық жұмыстар актілерін, зертханалық қорытындыларды және геодезиялық есептерді уақтылы жүргізбегені немесе жүргізбегені үшін, жұмыс өндірісінің жобасының болмауы немесе объект бойынша тапсырыс берілген жабдықтар мен материалдар туралы мәліметтер мен ақпаратты ұсынбағаны үшін, Мердігер әрбір бұзушылық үшін Келісім-шарттың жалпы құнының 0,01 % мөлшерінде айыппұл төлейді, бірақ ол Келісім-шарттың жалпы сомасының 5 %-ынан аспауға тиіс;

8.2.15. Мердігер Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін бұзған, орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Келісім-шарттың 8.2-тармағында көзделген тұрақсыздық айыбын/айыппұлды/өсімпұлды төлеу талаптарынан бөлек, Тапсырыс беруші Келісім-шарттың 9.3. т. 2 тт. сәйкес Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы;

8.2.16. Тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық көлемде өтелуге тиіс.

8.2.17. Тапсырыс беруші Жұмыстардағы ақауларды және (немесе) кемшіліктерді өз күшімен және өз есебінен жойған жағдайда, Мердігер мұндай шығындарды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті.

8.2.18. Осы Келісім-шарттың 4.19.35-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда, Мердігер міндеттемені бұзғаны үшін міндеттемені бұза отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20 % мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Аталған айыппұл Мердігер тарапынан төленуге тиіс немесе Тапсырыс беруші тарапынан Тараптар Орындалған жұмыстардың тиісті (қорытынды) актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалынуы мүмкін.

8.3. Мердігер Тапсырыс берушіге келтірілген нақты залалдар мен айырылып қалған пайданы, Тапсырыс берушінің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы салдарынан өтеуге жататын сомаларды, осы Келісім-шарт және Тараптар арасында жасалған өзге де шарттар бойынша төленуге жататын сомалардан Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келісім береді.

8.4. Тұрақсыздық айыбын төлеу Мердігер тарапынан тиісті хабарламаны және төлем шотын алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Мердігер Тапсырыс беруші ұсынған тұрақсыздық айыбына арналған төлем шоты орындалған Жұмыстар үшін төлем және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша біртектес қарсы талаптарды өзара есепке жатқызу мақсатында өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

8.5. Мердігер осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы және/немесе тиісінше орындамауы үшін есептелген тұрақсыздық айыбының, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі залалдар мен айырылып қалған пайданы өтеу сомаларының Мердігерге төленуге жататын төлемдерден ұстап қалынуына Тапсырыс берушінің құқығы бар екенін растайды және соған келіседі.

8.6. Келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда, нақты орындалған Жұмыстар сомасы Тапсырыс беруші төлеген аванс сомасынан аз болған кезде, Тапсырыс беруші аванстық қайтаруды қамтамасыз ету сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

8.7. Тапсырыс беруші:

8.7.1. Келісім-шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ ол Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

8.7.2. Аванстық төлемді қайтаруды қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге аванстық төлем

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ ол аванстық төлем сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

8.7.3. Тапсырыс берушінің Жұмыстарды қабылдауды кешіктіруі жағдайында, Мердігер Тапсырыс берушіден мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының әрбір күнтізбелік күні үшін 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы, бірақ ол Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

8.7.4. Келісім-шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге енгізілген қамтамасыз ету сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ ол қамтамасыз ету сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

8.7.5. Тапсырыс берушінің Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктіруі жағдайында, Мердігер Тапсырыс берушіден кешіктірілген соманың әрбір күнтізбелік күні үшін 0,1 % мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы, бірақ ол Келісім-шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

8.7.6. Егер Келісім-шарттың шарттарына сәйкес Жұмыстарды орындау үшін Тапсырыс беруші Мердігерге құжаттар ұсынуға міндетті болған жағдайда, және Тапсырыс беруші аталған құжаттарды негізсіз кешіктіріп ұсынуы салдарынан Мердігер осы Келісім-шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған болса, Мердігер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кешіктіруден келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіден өтеуді талап етуге, сондай-ақ Келісім-шарттың шарттарына өзгерістер енгізбестен, Жұмыстарды орындау мерзімін осындай кешіктіруге сәйкес мөлшерде ұзартуға құқылы.

8.8. Мердігер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Мердігер туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгілеген тәртіппен жолдайды.

8.9. Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Тәртіпке сәйкес енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасынан Мердігерге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған шығынды ұстап қалуға құқылы.

8.10. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.11. Келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылған (оның ішінде бұзылған) жағдайда, нақты орындалған Жұмыстар сомасы Тапсырыс беруші төлеген алдын ала төлем (аванс) сомасынан аз болған кезде, Тапсырыс беруші авансты қайтаруды қамтамасыз ету ретінде енгізілген сомадан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

8.12. Егер Мердігер Жұмыстарды уақтылы орындамауы немесе Жұмыстардың барлығын немесе бір бөлігін орындамауы Тапсырыс берушінің кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын қолданбауға және/немесе оны өндіріп алмауға құқылы.

8.13. Осы Келісім-шарттың 8-бөлімінде көзделген бір немесе бірнеше жағдайлар туындаған кезде, Тапсырыс беруші шектеусіз түрде бір мезгілде бірнеше айыппұл санкцияларын қолдануға құқылы.

8.14. Тұрақсыздық айыбы төленетін Тараптың талабы бойынша залалдар тұрақсыздық айыбынан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық көлемде өтелуге тиіс.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Мердігерді таңдау үшін негіз болған ұсыныстың енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бір жақты бас тартуға: 1) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабы 2-тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау процесінде Тапсырыс берушінің әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының жоқтығы туралы анық емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтауы. Бұл ретте Тапсырыс беруші сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес өнім берушінің залалды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарттың тараптарының бірі шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіппен айқындалған өзге де жағдайларда ғана құқылы.

9.3.1. Жұмыстарды орындаудың негізді түрде мақсатқа сай еместігіне байланысты, атап айтқанда:

9.3.1.1. төтенше жағдайдың немесе экономикадағы өзге де теріс құбылыстардың салдарынан Тапсырыс беруші шығыстарының қысқаруы жағдайында;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.3.1.2. алқалы атқарушы органның / бақылау кеңесінің (алқалы атқарушы орган немесе бақылау кеңесі болмаған жағдайда – Тапсырыс берушінің басқару органының / жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының)) шешімі негізінде өндірістік қажеттіліктің болмауы жағдайында;

9.3.2. Мердігердің банкрот деп жариялануы, төлем қабілетсіз деп танылуы, сондай-ақ Жұмыстарды орындау құқығына арналған рұқсат беру құжаттарының (лицензиялардың) қолданылуы тоқтатылған немесе болмаған жағдайларда, сондай-ақ Мердігерді Жұмыстарды орындау құқығынан айыратын өзге де құжаттар болған кезде Келісім-шарт дереу бұзылады. Осы тармақтың қолданылуы Мердігердің Келісім-шарт бойынша міндеттемелерін орындауын шектейтін сот актілерінің, сот орындаушылары қаулыларының негізінде де Тапсырыс беруші тарапынан жүзеге асырылуы мүмкін.

9.4. Тапсырыс беруші Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан жағдайда, Келісім-шартты бұзудың болжамды күнінен кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жолдайды. Хабарламада Келісім-шартты бұзудың себебі, жойылатын шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Келісім-шартты бұзудың күшіне ену күні көрсетілуі тиіс. Жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша Келісім-шарт бұзылған жағдайда, Мердігер Келісім-шарт бұзылған күнге дейінгі нақты шеккен шығыстарын төлеуді ғана талап етуге құқылы. Сондай-ақ, Тапсырыс беруші Мердігердің және оның бірлескен орындаушыларының (қосалқы мердігерлерінің) Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетел азаматтары болып табылатын қызметкерлерге еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол беруі жағдайында (Мердігердің Тапсырыс берушіге келтірілген залалдарды толық өтеуі шартымен), сондай-ақ «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл қағидаларының» 2 және 3-бөлімдерін бұзу жағдайларында Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы.

9.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Мердігерге Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

9.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Мердігер Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

10. Хат-хабар

10.1. Осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес жазбаша түрде жүзеге асырылуы тиіс кез келген хат-хабар алмасу, хабарламалар, есептер, сұраулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулар, тапсырыстар, сертификаттар немесе өзге де хабарламалар алдын ала ұсынылуға және жеке тапсыру арқылы не тапсырысты пошта арқылы пошталық хабарламамен, факс арқылы немесе электрондық пошта арқылы жолдануға тиіс, әрі факс/электрондық нұсқасы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасы ұсынылуы қажет. Уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен қол қойылып, Мердігердің ресми электрондық мекенжайына электрондық түрде жолданған хат-хабар бұдан тысқары болып табылады. Егер Келісім-шартта Мердігердің электрондық мекенжайы тікелей көрсетілмесе және Мердігер оны Тапсырыс берушіге ұсынбаған болса, Мердігердің ресми электрондық мекенжайы ретінде Веб-порталда көрсетілген электрондық мекенжай танылады. Осы Келісім-шартқа сәйкес немесе онымен байланысты барлық хат-хабар құжаттарында Тараптардың деректемелері және Келісім-шарттың нөмірі көрсетілуі тиіс.

10.2. Электрондық және/немесе тапсырысты пошта, курьерлік пошта, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (одан ертерек алынғаны расталмаған жағдайда) оны тапсыру сәтінде, алынғаны туралы белгі қойылған кезден бастап жеткізілген болып есептеледі.

10.3. Барынша жеделдікті қамтамасыз ету мақсатында Тараптар арасындағы жұмыс хат-хабар алмасу электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады, кейіннен түпнұсқалары қағаз тасымалдағышта Тараптардың мекенжайларына жолданады.

10.4. Барынша жеделдікті қамтамасыз ету үшін жұмыс хат-хабар алмасу электрондық пошта арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Осы тәсілмен қол қою үшін құжаттар жолданған жағдайда, олардың түпнұсқалары кейіннен қағаз тасымалдағышта пошта арқылы жіберілуі тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша кез келген хат-хабар Мердігер тарапынан қағаз тасымалдағышта да ұсынылуы тиіс.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

11.1. Осы Келісім-шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

11.1.1. Келісім-шарттың өзге шарттарына қарамастан, егер Тапсырыс берушінің уәкілетті органы мәмілені жасасу немесе бекіту туралы шешім қабылдауы талап етілсе, Келісім-шарт осындай шешім қабылданғаннан кейін күшіне енеді. Егер мұндай шешім Тараптардың уәкілетті органдарымен қабылдануы қажет болса, Келісім-шарт сол шешімдердің соңғысы қабылданған күндердің бірінде күшіне енеді.

11.2. Келісім-шарттың 11.1-тармағында көрсетілген шарттарға қарамастан, егер Мердігер Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылса, өзара есеп айырысулар бөлігінде Келісім-шарт 11.1-тармақта көрсетілген күннен бастап 3 (үш) ай бойы қолданылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Егер осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан (су тасқыны, жер сілкінісі және өзге де табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе соғыс қимылдары, диверсия, терроризм, Жұмыстарды орындауға тыйым салатын немесе өзге де түрде кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) туындаса, әрі бұл жағдайлар Тараптардың еркіне тәуелсіз болып, Тараптардың кез келгеніне Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды мүмкін емес еткен болса, Тараптар жауапкершіліктен босатылады Сонымен бірге, еңсерілмейтін күш мән-жайларына қызметкерлердің ереуілдері, кредиттік қаржыландыруды алу мүмкін еместігі, нарықта қажетті материалдардың/жұмыстардың/қызметтердің болмауы, қаржылық және экономикалық дағдарыстар, оның ішінде валюта бағамының теңгеге қатысты өзгеруі және т.б. жатпайды. 12.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, кез келген Тарап олардың басталған күнінен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапты осындай жағдайлардың басталғаны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Аталған жағдайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуы тиіс. 12.3. Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету уақытына, сондай-ақ осы жағдайлардан туындаған салдарларға сәйкесінше ұзартылады. 12.4. Келісім-шарттың 12.2-тармағында көзделген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты міндеттемені орындамау үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырады. 12.5. Егер міндеттемелерді толық немесе ішінара орындаудың мүмкін еместігі 2 (екі) айдан астам уақыт бойы сақталса, Тараптар Келісім-шартты бұзуға және өзара есеп айырысуларды жүргізуге құқылы болады. 12.6. Мердігер еңсерілмейтін күш жағдайларының әрекет ету кезеңінде орындалған Жұмыстарды, сондай-ақ Жұмыстарға қатысты барлық материалдар мен жабдықтарды, Мердігердің ресурстарын және Тапсырыс берушіден салынған және қабылданған өзге де мүлікті зақымданудан, бүлінуден, жойылудан қорғауды қамтамасыз ету үшін ақылға қонымды шаралар қабылдауға міндетті Күнтізбелік кесте Тараптардың келісімі бойынша еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекет ету мерзіміне сәйкес өзгертілуі мүмкін.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Осы Келісім-шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

13.2. Егер мұндай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Келісім-шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен осы мәселені қарауды талап етуге құқылы. Осы Келісім-шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13.3. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

14.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарт мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

14.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын іс-әрекеттің пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

14.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

14.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екенін нақты растайтын немесе болжауға негіз беретін, пара беру немесе алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын іс-әрекеттерде, сондай-ақ қолданылатын заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерде көрініс табатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

14.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

14.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

14.8. Тараптар Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді Шарт тараптарының бірі бұзған кезде шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартады.

14.9. Мердігер төменде көрсетілген мәлімдемелер мен кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз етеді, атап айтқанда, Мердігер: - мемлекетпен байланысты тұлға болып табылады/болып табылмайды, сондай-ақ оның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері немесе тікелей не жанама иеленушілері болып табылатын саяси мәні бар тұлғалары бар/жоқ екенін растайды. Мердігер қандай да бір саяси мәні бар тұлға Мердігердің лауазымды тұлғасы немесе қызметкері болған, не Мердігердің тікелей немесе жанама қатысу үлесін иеленген барлық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - қандай да бір заңсыз мақсаттарда емес, заңды шаруашылық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылғанын және қаржыландырудың тек заңды көздеріне ие екенін; - Мердігер және оның үлестес тұлғалары алаяқтыққа немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталмағанын немесе кінәлі деп танылмағанын растайды. Мердігер өзі немесе оның қандай да бір үлестес тұлғалары осындай заңсыз әрекеттерді жасағаны үшін сотталған немесе кінәлі деп танылған жағдайда, бұл туралы Тапсырыс берушіні дереу жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді; - Мердігер «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның (ҚМГ) Іскерлік этика кодексімен және Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатынымен Тапсырыс берушінің ресми веб-сайтында танысқанын растайды, сондай-ақ ҚМГ Іскерлік этика кодексі мен Тапсырыс берушінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын толық түсінетінін куәландырады.

15. Құпиялылық

15.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтындығына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының Веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

15.2. Мердігер Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ-қа Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін контрагенттер-банктерге талап етілетін байланыс арналарының хаттамаларын пайдалана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық-талдау жүйесіне деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы үзінді көшірмелерді жіберу арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15.3. Тапсырыс беруші қандай да бір ақпаратты немесе құжаттарды ұсынудан бас тартуға құқылы. Тараптар мұндай ақпараттың құпиялылығын өздерінің қызметкерлері, өкілдері және агенттері тарапынан сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті сақтық шараларын қабылдауға міндетті. Мердігер оның қызметкерлері, өкілдері немесе контрагенттері тарапынан құпия ақпараттың жария етілуі үшін жауапты болады. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тараптар құпия ақпаратты жария етпеу туралы тиісті келісімге (NDA) қол қоюға міндетті

16. Зияткерлік меншік

16.1. Осы Келісім-шарт шеңберінде Мердігер жасаған және әзірлеген ақпаратқа қатысты барлық зияткерлік меншік құқықтары мен өзге де мүліктік құқықтар Тапсырыс берушіге тиесілі болады. Егер Мердігер осындай ақпаратты анықтаса, әзірлесе немесе жасаса және осы ақпаратқа байланысты авторлық құқық немесе кез келген өзге зияткерлік меншік құқығы не өзге құқықтар туындаса, онда мұндай жұмыстар, зияткерлік меншік және құқықтар осы Келісім-шарт бойынша жалдау тәртібімен орындалған жұмыс болып танылады және бұл құқықтар Тапсырыс берушінің айрықша меншігі болып табылады. Мердігер Тапсырыс берушіге ақпаратқа зияткерлік меншік құқықтарын алуға немесе қорғауды қамтамасыз етуге, оның ішінде өтінімдерге және құқықтарды беру құжаттарына қол қою арқылы жәрдем көрсетуге міндетті.

16.2. Шарттық ақпараттың кез келгенін толық немесе ішінара қамтитын немесе көрсететін барлық көшірмелер, үзінділер, сызбалар және өзге де материалдар немесе есептер мына оқиғалардың қайсысы бұрын орын алса, сол күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге қайтарылуға (берілуге) немесе жойылуға тиіс: (a) осы Келісім-шарттың қолданылуы тоқтатылған күн; немесе (b) Жұмыстардың аяқталуы.

16.3. Егер ақпарат Мердігер пайдаланатын компьютерлік жүйелерге немесе өзге деректерді сақтау жүйелеріне көшірілген болса, мұндай деректердің барлық жазбалары оларды оқылмайтын ететін тәсілмен жойылуға тиіс. Бұл талапқа (осы Келісім-шартты жария етуге қойылған барлық шектеулерді сақтай отырып) тек тұрақты түрде жасалатын электрондық резервтік көшіру деректерінің құрамында ғана болатын және оларды жою негізсіз әрі іс жүзінде мүмкін емес ақпарат қолданылмайды.

16.4. Мердігер осы арқылы Тапсырыс берушіге осы Келісім-шарт бойынша Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтінін кепілдік етеді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Жұмыстардың нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты талаптар қойған жағдайда және осы кепілдіктердің шарттары бұзылған болса, Мердігер Тапсырыс берушіге осыған байланысты барлық залалдарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

17. Сақтандыру

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

17.1. Осы Келісім-шарт немесе заңнама бойынша өз міндеттемелерін шектемей, Мердігер Келісім-шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде осы бапта көрсетілген сақтандыру жабындарының тізбесіне сәйкес сақтандыру қорғанысын алуға немесе алынуын қамтамасыз етуге міндетті. Сақтандыру шарттары заңнамаға сәйкес сақтандыру ұйымдарымен жасалады, ал сақтандыру қорғанысы осындай қорғанысты қамтамасыз ететін сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығына қатысты Тапсырыс берушінің талаптарына сай болуы тиіс. Мердігер кемінде төмендегі сақтандыру түрлерін қамтамасыз етеді (Жұмыстардың ерекшелігіне қарай сақтандыру түрлері өзгертілуі мүмкін): 17.1.1. Қызметкерлерді сақтандыру. Қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру. 17.1.2. Жалпы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру. Үшінші тұлғалар алдындағы кез келген оқиға немесе оқиғалар қатары үшін, оның ішінде жазатайым ластану және Апат салдарынан ластану үшін жауапкершілікті сақтандыру, Келісім-шарт бойынша Мердігердің Жұмыстарын қамтумен, заңнамада белгіленген мөлшерде. 17.1.3. Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін сақтандыру. Көлік құралдарын пайдалану кезінде Үшінші тұлғаларға және жолаушыларға келтірілген зиян үшін жауапкершілікті заңнама талаптарына сәйкес, заңнамада белгіленген сақтандыру сомаларында сақтандыру. Мердігер өз қосалқы мердігерлерінің пайдаланатын автокөлік құралдарына қатысты осы сақтандыру түрін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді. 17.1.4. Міндетті экологиялық сақтандыру. Заңнамада белгіленген сомалар шегінде қоршаған ортаны ластаумен байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, оның ішінде қоршаған ортаға келтірілген зияннның салдарын жою шығындарын және үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру. 17.1.5. Мүлікті сақтандыру. Мердігер мүлкін қалпына келтіру құны негізінде барлық тәуекелдерден сақтандыру, оның ішінде Жабдықты Жұмыс алаңына дейін және кері тасымалдау кезіндегі жабынды қоса алғанда. Мердігер қосалқы мердігерлердің осы сақтандыру түрін ұйымдастыруын қамтамасыз етеді. 17.1.6. Кәсіби қызмет барысында келтірілген зияндарды (кәсіби жауапкершілікті) сақтандыру. 17.1.7. Заңнамалық талаптарға сәйкес қажетті өзге де сақтандыру түрлері. 17.2. Осы бапта көрсетілген сақтандыру полистері мен сомалары ең төменгі талаптар болып табылады және жауапкершілікті шектемейді, сондай-ақ Келісім-шартта өзгеше келісілмесе, көрсетілген сомадан асатын кез келген сомаға қатысты Тапсырыс берушіге жауапкершілік жүктейді деп немесе осы Келісім-шарт бойынша Мердігердің жауапкершілігін шектейді деп есептелмеуге тиіс. 17.3. Талап қойылған жағдайда, осы бапта көрсетілген кез келген сақтандыру полисі шеңберінде сақтандыру өтемінен шегерілетін кез келген сомалар (мысалы, франшизалар) Мердігердің есебінен төленеді. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Мердігер осындай барлық шегерімдер туралы мәліметтерді дереу ұсынуға міндетті. 17.4. Осы баптың талаптарына сәйкес Мердігер қамтамасыз етуге тиіс кез келген сақтандыруда мынадай шарттар көзделуі тиіс: • тиісті сақтандырушылардың Тапсырыс берушіге немесе оның тиісті сақтандырушыларына қарсы суброгация құқығы болмайды; сондай-ақ осы бап талаптарына сәйкес жасалатын кез келген сақтандыру полисінде Тапсырыс беруші қосымша сақтандырылған тұлға ретінде көрсетілуі тиіс; • сақтандырылған тұлғалардың бірінің сақтандырушыға хабарлама жіберуі барлық сақтандырылғандардың атынан жасалған хабарлама болып есептеледі; • сақтандырылған тұлғалардың бірінің ақпаратты ашудан бас тартуы басқа сақтандырылғандардың сақтандыру шарты бойынша талап қою құқықтарына нұқсан келтірмейді. 17.5. Келісім-шартқа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Мердігер Тапсырыс берушіге өзінің сақтандыру полистерінің және/немесе сақтандыру шарттарының көшірмелерін, сақтандырылған тұлғалар/мүлік тізбелерін қоса отырып, осы бапқа сәйкес сақтандырылуға тиіс әрбір сақтандыру жабындысының түрі мен мөлшерін және тиісті сақтандыру/қайта сақтандыру схемасын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті. Осы бап бойынша талап етілетін сақтандыру жабындары Келісім-шарттың қолданылу мерзімі ішінде сақтандыруды алдын ала 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіге жазбаша хабарламай тұрып тоқтатуға немесе оның шарттарын елеулі түрде өзгертуге болмайтыны туралы ережені қамтуы тиіс. Тапсырыс беруші Мердігерді барлық сақтандыру іс-шаралары орындалғанға дейін Жұмыстарды орындауға жібермеуге құқылы. Мердігер сақтандыру шарттары бойынша талап қоюға негіз болуы мүмкін кез келген оқиға туралы Тапсырыс берушіні мүмкіндігінше қысқа мерзімде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. 17.6. Осы баптың талаптарын орындамау ешбір жағдайда Мердігерді осы Келісім-шарт бойынша кез келген міндеттемелерден босатуға негіз болмайды. Егер Мердігердің сақтандыру компаниясы қандай да бір себеппен келтірілген зиян немесе залал үшін жауапкершілікті мойындаудан бас тартса немесе Мердігерде осы бапта талап етілетін сақтандыру полистері болмаса, Мердігер жауапкершілікті дербес көтереді және Тапсырыс берушіні кез келген жауапкершіліктен, талаптардан, сот талқылауларынан, зияннан, залалдан, шығындар мен шығыстардан қорғауға, шектеуге және босатуға міндетті. Сонымен қатар, егер Мердігер осы баптың талаптарына сәйкес сақтандыру жабындысын қамтамасыз ете алмаса, Тапсырыс беруші Келісім-шартты бұзуға немесе талап етілетін сақтандыруды Мердігердің есебінен алуға құқылы, бұл ретте Мердігердің осы Келісім-шартта көрсетілген міндеттері өзгеріссіз қалады. 17.7. Мердігер кез келген қосалқы мердігерден өзі орындайтын Жұмыстарға қатысты заңнамаға сәйкес сақтандыруды және сақтандыру сомаларын алуды талап етуге міндетті. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Мердігер тартылған әрбір қосалқы мердігердің сақтандыру жабындысын растайтын сақтандыру полистерін және/немесе сақтандыру шарттарын (сақтандырылған тұлғалар/мүлік тізбелерімен қоса) ұсынуға міндетті. 17.8. Тапсырыс беруші Мердігерден және ол тартқан қосалқы мердігерлерден сақтандырудың барлық түрлері бойынша сақтандыру сомаларын ұлғайтуды талап етуге құқылы. 17.9. Келісім-шартқа немесе заңнамаға сәйкес Мердігерден талап етілетін сақтандыру жабындары әрқашан бастапқы сақтандыру болып саналады және Тапсырыс беруші ұйымдастырған кез келген сақтандыру жабындысынан сақтандыру өтеміне қатысу құқығын талап ету құқығын бермейді.

18. Санкциялық ереже

18.1. Тараптар осы Келісім-шартты Мердігердің кепілдіктеріне негізделе отырып және Мердігер өз қызметін Экономикалық санкциялар туралы заңнаманы қатаң сақтай отырып, оны бұзбай жүргізгенін, қазір де жүргізіп отырғанын және алдағы уақытта да жүргізе беретінін адал ниетпен пайымдай отырып жасайды. Осы Келісім-шарт жасалған күнгі жағдай бойынша Мердігер Экономикалық санкциялар туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуге және оны сақтауға ынталандыруға бағытталған саясаттар мен рәсімдерді енгізгенін және қолдайтынын растайды. Экономикалық санкциялар деп АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) немесе АҚШ Үкіметінің кез келген өзге органы, департаменті не агенттігі, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Ұлыбритания, Еуропалық одақ немесе Еуропалық одаққа мүше кез келген мемлекет әкімшілендіретін кез келген экономикалық немесе қаржылық санкциялар түсініледі. Мердігер төмендегілерге кепілдік береді және қамтамасыз етуге міндеттенеді, атап айтқанда: (а) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары да, сондай-ақ Мердігердің барлық немесе кез келген акционерлері Санкцияға ұшыраған тұлғалар болып табылмайды және Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізімдеріне, сондай-ақ АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

басқармасы (OFAC) әкімшілендіретін: - SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізімі), - CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе сквозной төлем шотын ашуға не жүргізуге тыйым салынған немесе қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), - NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық қолданысы бар кез келген өзге санкциялық тізімдерге енгізілмеген; (b) Келісім-шартты жасасу және (немесе) оны Мердігердің орындауы осы тармақтың (a) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқтырмайды; (c) Мердігер Келісім-шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға тиіс күннен бастап және оны нақты орындау күніне дейін осы Келісім-шарт бойынша төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылатын Мердігердің, оның ішінде өз және корреспонденттік шоттары: - Еуропалық одақтың қаржылық санкциялары аясында активтерді бұғаттау және қаражат пен экономикалық ресурстарды ұсынуға тыйым салу қолданылатын тұлғалар, топтар мен ұйымдардың Сводтық тізіміне (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them), және (немесе) - Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды іске асыру басқармасының қаржылық санкциялар объектілерінің сводтық тізіміне (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementation in the UK), және (немесе) - АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (OFAC) әкімшілендіретін SDN, CAPTA, NS-MBS тізімдеріне енгізілмеген банктерде немесе қаржы ұйымдарында ашылған; (d) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкциялармен тыйым салынған немесе мұндай мәмілелер кез келген тұлға тарапынан Экономикалық санкцияларды бұзуы мүмкін деп негізді түрде пайымдауға болатын, не Санкцияға ұшыраған тұлғалардың пайдасына пайдаланылуы немесе жұмсалуы мүмкін кез келген тұлғамен немесе ұйыммен қандай да бір мәмілелерге тартылмаған және тартылмайды; (e) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Санкцияға ұшыраған тұлғалармен немесе олардың пайдасына (оның ішінде кез келген жылжымайтын мүлікке қатысты), не Санкция қолданылатын аумақта, немесе ирандық мұнайды, мұнай немесе мұнай-химия өнімдерін қамтитын кез келген келісімдерді, мәмілелерді, уағдаластықтарды немесе қатынастарды қаржыландырмайды және қаржыландыруға жәрдемдеспейді; (f) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкцияларды өзге кез келген тәсілмен бұзуға жол бермейді және Экономикалық санкцияларды [Қор] немесе кез келген үшінші тұлғалар тарапынан бұзуға ықпал етпейді; (g) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Санкциялық аумақта орналаспаған. Мұнда Санкциялық аумақ деп Экономикалық санкциялар қолданылатын мемлекеттің аумағы түсініледі, егер мұндай аумақта орналасу Экономикалық санкцияларды бұзуға әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса; (h) Мердігер де, оның үлестес тұлғалары және (немесе) акционерлері де Экономикалық санкцияларға байланысты бұғатталған немесе тыйым салынған мүлікке қатысы жоқ, сондай-ақ осындай мүлікте үлесі немесе мүддесі жоқ, егер мұндай бұғаттау немесе тыйым салу Экономикалық санкцияларды бұзуға әкеп соқтырса немесе әкеп соқтыруы мүмкін болса; (i) Мердігердің атынан осы Келісім-шартқа қол қоятын тұлға(лар) Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізімдеріне, сондай-ақ АҚШ Қаржы министрлігінің Шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) әкімшілендіретін: SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы белгіленген азаматтар мен бұғатталған тұлғалар тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік немесе сквозной төлем шотын ашуға не жүргізуге тыйым салынған немесе бір не бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық қолданылуы бар кез келген өзге санкциялық тізімдерге енгізілмеген. (j) Мердігер міндеттенеді: 18.2. Егер осы бөлімнің 18.1-тармағында көрсетілген Мердігердің кез келген кепілдіктері Мердігер тарапынан қамтамасыз етілмесе немесе жалған, дұрыс емес және (немесе) дәл емес болып шықса, Мердігер осы бөлімнің 18.1-тармағында көзделген міндеттемелерді бұзу салдарынан туындаған және (немесе) осындай кепілдіктің дұрыс еместігіне немесе дәл еместігіне байланысты пайда болған тікелей және (немесе) жанама залалдарды Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтеуге міндетті. Сонымен қатар, Тапсырыс беруші осы негіздер бойынша осы Келісім-шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға құқылы. 18.3. Егер Келісім-шарт жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық акт қабылданса немесе қолданыстағы кез келген Санкциялық актіге өзгерістер енгізілсе, не тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесі немесе шешімі негізінде қолданыстағы Санкциялық актінің қолданылу аясы кеңейтілсе немесе өзге түрде өзгертілсе («Жаңа санкциялар»), және мұндай Жаңа санкциялар: (a) Тараптың ақылға қонымды және негізделген пайымдауы бойынша екінші Тараптың осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін емес немесе елеулі түрде қиындатуы мүмкін болса; және (немесе) (b) осындай Тараптың ұзақ мерзімді қаржыландыру көздеріне қол жеткізуінің мүмкін болмауына алып келсе немесе алып келуі мүмкін болса және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама залалдарға әкеп соқса (оның ақылға қонымды пайымдауы бойынша); және (немесе) (c) өнімді жеткізудің/қызметтер көрсетудің бұзылуына не тоқтатылуына алып келсе немесе алып келуі мүмкін болса; (d) Жаңа санкциялар салдарынан орындалуы мүмкін емес немесе елеулі түрде қиындатылған қандай да бір Тараптың маңызды кредиттік шарттарында қамтылған міндеттемелердің (ковенанттардың) бұзылуына алып келсе; және (немесе) (e) осындай Тараптың кредиттік рейтингінің төмендеуіне алып келсе немесе тиісті рейтингтік агенттік жазбаша түрде растаған мұндай төмендеу ықтималдығы болса, (бірлесіп – «Жаңа санкциялардың салдарлары»), онда мұндай Тарап Жаңа санкциялар қабылданған күннен бастап 5 күн ішінде бұл туралы екінші Тарапты жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндетті (осы бапта көзделген әрбір хабарлама бұдан әрі «Санкциялар туралы хабарлама» деп аталады), оған ресми түрде растайтын құжаттарды және мұндай санкциялардың өзіне тигізетін әсері туралы ақпаратты қоса ұсына отырып. 18.4. Санкциялар туралы хабарлама ұсынылған күннен бастап 10 (он) күннен кешіктірмей, Тараптар Жаңа санкциялардың осы Келісім-шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауына ықтимал әсерін, сондай-ақ Жаңа санкциялардың мұндай теріс әсерін болдырмау немесе мүмкіндігінше азайту үшін қолданылуы мүмкін заңды және ақылға қонымды шараларды, оның ішінде осы Келісім-шартқа өзгерістер енгізуді және тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органынан рұқсаттар/лицензиялар алуды адал ниетпен талқылау және келісу мақсатында кездесулер/келіссөздер өткізеді («Адал ниетті келіссөздер»). 18.5. Өткізілген Адал ниетті келіссөздердің нәтижесінде Тараптар өзара қолайлы шешімге қол жеткізген жағдайда, Тараптар келісілген шараларды 5 (бес) күн ішінде, не өздері келіскен өзге мерзімде іске асыру үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ Тараптардың осы Келісім-шартты орындауына қатысты Жаңа санкциялардың бұзылуын немесе олардың қолданылуын болдырмауға мүмкіндік беретін шаралар жүзеге асырылуы мүмкін. 18.6. Адал ниетті келіссөздердің бірінші күні өткеннен кейін 5 (бес) күн ішінде Тараптар келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда, кез келген Тарап кез келген уақытта Жаңа санкциялар қолданылатын немесе Жаңа санкциялар салдарлары туындаған Тарапқа

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

(«Тыйым салынған Тарап») келісімге қол жеткізілмегені туралы хабарламаны («Келісімге қол жеткізілмегені туралы хабарлама») жолдауға құқылы. Осындай Келісімге қол жеткізілмегені туралы хабарлама жолданған жағдайда, Тарап Келісім-шартты біржақты тәртіппен бұзуға және шеккен тікелей және/немесе жанама залалдарды өтеуді талап етуге құқылы. 18.7. Жоғарыда баяндалған ережелерді шектемей, Тараптар егер осы Келісім-шарт бойынша АҚШ долларымен немесе (валютаны көрсету) төлемдерді жүзеге асыру Тапсырыс беруші үшін Жаңа санкциялар салдарынан заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзге түрде мақсатқа сай емес болып қалса, және Тараптардың ақылға қонымды пікірінше баламалы валютада төлем жасау Жаңа санкциялардың салдарларын болдырмауға мүмкіндік берсе, 18.8-баптың ережелері басым тәртіппен қолданылатынына келіседі, және мұндай жағдайда 18.5 және 18.6-тармақтардың ережелері қолданылмайды. 18.8. Тараптар осы арқылы халықаралық банктік жүйедегі белгісіздікті ескере отырып, егер кез келген уақытта осы Келісім-шарт бойынша АҚШ долларымен немесе өзге валютада кез келген төлемді жүзеге асыру Мердігер үшін заңсыз, мүмкін емес немесе Тараптардың өзара келісімі бойынша өзге түрде мақсатқа сай емес болып қалса, Тапсырыс беруші бұл туралы Мердігерді жазбаша түрде хабардар етуге міндетті екенін, ал Тараптар мұндай төлем жүзеге асырылатын баламалы валютаны («Баламалы валюта») және осындай төлемді алушы Тараптың банк шотының деректемелерін жазбаша түрде бірлесіп келісетінін растайды және сонымен келіседі, сондай-ақ Тараптар келісілген валютада төлемнің сәтті жүзеге асырылуы үшін бір-біріне барлық қажетті және ақылға қонымды жәрдем көрсетуге міндеттенеді. 18.9. Егер осы Келісім-шартта өзгеше көзделмесе, осы Келісім-шартта көрсетілген және төлемдер немесе есеп айырысулар жүргізілуге тиіс кез келген сомалар (оның ішінде 18.8-тармақ қолданылған жағдайда теңгеде, рубльде немесе өзге валютада көрсетілген, есептелген немесе айқындалған сомалар) бойынша Тараптар мұндай төлемдер немесе есеп айырысуларды АҚШ долларымен жүзеге асыру мақсатында аталған сомалар тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күнге) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің айырбас бағамы бойынша АҚШ долларына қайта есептелетінімен келіседі, ал егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзінің интернет-сайтында (www.nationalbank.kz) тиісті валюталардың бағамдары туралы ақпаратты жарияламаса, Тараптар келіскен басқа мемлекеттің ұлттық банкінің бағамы бойынша, тиісті төлем немесе есеп айырысу күніне (төлем немесе есеп айырысу байланыстырылған күнге) қайта есептеу жүргізіледі. 18.10. Келісім-шарттың жалпы қолданылу мерзіміне қарамастан, санкциялық міндеттемелерге қатысты Келісім-шарттың қолданылуы Келісім-шарттың бұзылуынан, одан бас тартылуынан, жарамсыз деп танылуынан, қолданылу мерзімінің аяқталуынан немесе Келісім-шарттың толық тоқтатылуынан кейін де толық көлемде күшінде қалады.

19. Өзге шарттар

19.1. Келісім-шарт орыс тілінде әрқайсысы бірдей заңды күшке ие 2 (екі) данада жасалды, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан. Келісім-шартқа қатысты барлық хат-хабар алмасу және Тараптар арасында алмасылатын өзге де құжаттама осы шарттарға сәйкес келуге тиіс.

19.2. Осы Келісім-шартқа барлық қосымшалар, өзгерістер және толықтырулар жазбаша түрде жасалып, Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған жағдайда, оның ажырамас бөліктері болып табылады.

19.3. Келісім-шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған және соған сәйкес реттеледі.

19.4. Мердігер Жұмыстарды орындау нәтижесінде үшінші тұлғалар шеккен залалдың өтелуіне байланысты талаптар мен талап-арыздардан Тапсырыс берушіні қорғайды, сондай-ақ Келісім-шартты орындау барысында және соның салдарынан туындайтын Тапсырыс берушінің мүлкіне келтірілген залалдармен немесе зиянмен байланысты барлық тәуекелдер, өз қызметкерлерінің мүлкі мен денсаулығына келтірілген зиян, сондай-ақ өз қызметкерлерінің қаза табуы үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

19.5. Тараптар арасында Келісім-шартта көзделмеген жаңа міндеттемелердің туындауына әкеп соғатын кез келген келісім Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған қосымша келісім түрінде жазбаша түрде расталған жағдайда ғана жарамды деп танылады.

19.6. Келісім-шарттың талаптарын орындау кезінде Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

19.7. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз Келісім-шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

19.8. Келісім-шарттың және Қосымшалардың мәтіндерін түсіндіруде қандай да бір айырмашылықтар немесе келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Келісім-шарттың мәтіні басым күшке ие болады.

19.9. Екі Тарап қол қойған және Тараптардың мөрлерімен бекітілген Келісім-шарттың сканерленген көшірмесі Жеткізуші тарапынан жолданған жағдайда, егер Келісім-шартта алдын ала төлем көзделсе, ол алдын ала төлемді жүзеге асыруға негіз болып табылады.

19.10. Осы Шартқа қол қою арқылы Мердігер оның барлық талаптарын қабылдайды және олардың тиісінше әрі толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

19.11. Келісім-шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшалар: 1) Қосымша №1 – «Сатып алынатын жұмыстардың тізімі»; 2) Қосымша №2 – «Техникалық сипаттама»; 3) Қосымша №3 – «Ішкі ұлттық құндылық үлесін нақты есептеу нысаны»; 4) Қосымша №4 – «Орындалған жұмыстар актісінің нысаны»; 5) Қосымша №5 – «Тапсырыс берушінің қатысу шарттары мен тәртібі»; 6) Қосымша №6 – «Қауіпсіздік, еңбекті қорғау, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігер ұйымдарға қойылатын талаптар, бұзушылықтар үшін айыппұл мөлшерлері»; 7) Қосымша №7 – «Қаражанбасмұнай» АҚ объектілерінде немесе «Қаражанбасмұнай» АҚ үшін қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның өзара іс-қимыл қағидалары»; 8) Қосымша №8 – «Банк кепілдігінің нысаны».

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

20. Тараптардың орналасқан жері және банктік деректемелері

АҚ "Каражанбасмунай"
Маңғыстау облысы, Ақтау Қ.Ә., 9А шағын аудан, 4 үй, 0
БСН 950540000524
БСК ATYNKZKA
ЖСК KZ239491100000355089
«Altyn Bank» АҚ (China Citic Bank Corporation Ltd ЕБ)
Тел.: +7 (729) 247-3222
_____ _____

_____
_____
_____
БИН _____
БИК _____
ИИК _____
_____
Тел.: _____
_____ _____

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №1 қосымшасы

Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің тізбесі

жолдың РБ №	Аталуы және қысқа сипаттамасы	Қосымша сипаттама	Жалпы саны	Саны	Өлшем бірлігі	ҚР ҚҚС белгісі	Сомасы	Жеткізу орны	Жеткізу шарттары	Жеткізу мерзімі	Төлем шарттары
140 Р	Тұрғын емес ғимараттарды ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар/құрылыстардың/үй-жайлардың, Тұрғын емес ғимараттарды ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстар/құрылыстардың/үй-жайлардың	Пайдалану жабдықтарын прокаттау-жөндеу цехының аумағындағы радиацияға қарсы баспананы жөндеу жөніндегі жұмыстар	1.000	1.000	-		9 315 000	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Мангистауская область, Тупкараганский район, месторождение Каражанбас	-	Шартқа қол қойылған күннен бастап 75 күнтізбелік күні	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 80%, Соңғы төлем - 20%

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Шарттың №2 қосымшасы

Техникалық сипаттама

Тендер құжаттамасының құрамындағы техникалық сипаттамаға сәйкес.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

**Шарттың №3
қосымшасы**

Қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау жөнінде шартта елішілік құндылық үлесін болжамды/нақты есептеу

_____ жылғы №_____

Келісім-шарт шеңберінде көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар

р/б №	Орындаушы/ Қосалқы мердігер	Шарттың нөмірі	Шарттың бағасы	Қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушылары болып табылмайтын ұйымдармен жасалған қосалқы мердігерлік шарттардың жиынтық бағасы	коэффициент 1 тең, егер шартты қазақстандық жұмыстар мен қызметтердің орындаушысы орындайтын болса, әйтпесе коэффициент 0 тең;	Шартта (ақшалай тұлғада) елішілік құндылық үлесі
1	2	3	4	5	6	7(=(4-5)*6)
						0,00
						0,00

Келісім-шарттағы елішілік құндылықты қорытынды есебі

р/б №	Орындаушы	Келісім-шарт	Шарттың күні	Жұмыстарды (қызметтерді) сатып алу жөнінде шарттың жалпы бағасы	Шартта елішілік құндылықты, %
1	2	3	4	5	6 (=∑7(кесте 1)/5*100%)
					100

Ескерту:
елішілік құндылық үлесі ұйымдармен Инвестициялар және даму министрінің 20.04.2018 ж. №260 бұйрығымен бекітілген Бірыңғай есептеу әдістемесіне сәйкес есептеледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Договор о закупке работ №_____

г._____ «__»_____2026 г.

Акционерное общество "Каражанбасмунай", именуемое в дальнейшем «Заказчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с одной стороны, и _____ именуемое в дальнейшем «Подрядчик», в лице _____ _____, действующего на основании _____, , с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности как указано выше «Сторона», в соответствии с Порядком осуществления закупок акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия) которых прямо или косвенно принадлежат АО «Самрук-Қазына» на праве собственности или доверительного управления (далее – Порядок), и на основании _____ _____, заключили настоящий договор о закупке работ (далее – Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем. Подрядчик, подписывая настоящий Договор подтверждает, что: • является субъектом предпринимательства созданным и действующим в соответствии с законодательством; • отсутствуют какие-либо ограничения, запреты для подписания настоящего Договора; • оценил и идентифицировал все свои предпринимательские риски перед подписанием настоящего Договора. • ознакомлен с Порядком и согласен с нормами Порядка влияющими на исполнение настоящего Договора. Заказчик на постоянной основе осуществляет мониторинг исполнения поставщиком/субподрядчиком обязательств, предусмотренных пунктом 10 статьи 61 Порядка, в том числе посредством анализа итогов рассмотрения поставщиком работ коммерческих предложений, представленных посредством веб-портала закупок в рамках пункта 10 настоящей статьи 61 Порядка.

1. Определения

